**Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 сәуірде № 18608 болып тіркелді.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 26.11.2024 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Индустрия және инфрақұрылымдық*
*даму министрі* — *Р. Скляр*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму

министрінің
2019 жылғы 30 сәуірдегі
№ 256 бұйрығымен бекітілген

## Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және әуежайлар мен аэронавигация қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 26.11.2024 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар мыналарды айқындайды:

1) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және одан алып тастау тәртібі;

2) жария тыңдаулар өткізу тәртібі;

3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополиялар субъектісінің жекелеген әрекеттерді жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектісінен реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы хабарламаны қабылдау тәртібі;

4) табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуды өткізу тәртібі;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету тәртібі;

6) тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерін өткізу тәртібі;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, табиғи монополия субъектісі бос және қолжетімді қуаттарының, сыйымдылықтарының, орындарының бар екендігі туралы ақпаратты орналастыру тәртібі;

8) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі;

9) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

10) тұтынушыларға және (немесе) уәкілетті органға тариф, оның өзгергені туралы хабарлау тәртібі;

11) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі;

12) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу тәртібі.

13) мыналардың:

егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға және табиғи монополия субъектісін қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісім беру туралы өтінішхаттардың;

табиғи монополия субъектісінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы:

бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы;

бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы;

табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерінің нысандары.

14) Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты шынайы мазмұнын бұрмалайтын және әлеуетті өнім берушінің ұсынылған өтініміне сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер;

2) әлеуетті өнім беруші – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

3) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болып табылмаса да, ұқсас сипаттамалары бар және нақ сол бір функцияларды орындауға мүмкіндік беретін ұқсас құрауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

4) конкурс – әлеуетті өнім берушілердің арасындағы бәсекелестікті көздейтін және сатып алу шартының барынша пайдалы талаптарын анықтауға бағытталған сатып алу тәсілі;

5) конкурсқа қатысушы – конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін және конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім беруші;

6) конкурстық комиссия – осы Қағидаларда көзделген конкурс тәсілімен сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін табиғи монополия субъектісі құратын алқалы орган ;

7) конкурстық құжаттама – конкурсқа қатысуға арналған өтінімді дайындау үшін электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелерінде табиғи монополия субъектісі орналастыратын құжаттама, онда конкурсқа қатысуға өтінімге қойылатын талаптар, конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі қамтылады;

8) көрсеткіштің нысаналы мәні –тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып, тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғаннан кейін табиғи монополия субъектісі қол жеткізетін уәкілетті орган бекітетін көрсеткіштің цифрлық мәні;

9) мәмілелері уәкілетті органның келісімін алуды көздейтін табиғи монополия субъектісінің мүлкі – табиғи монополия субъектісінің меншігіндегі, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын және ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген, құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын ақшаны, оның ішінде шетел валютаны қоспағанда, жылжитын және жылжымайтын мүлік;

9-1) қазақстандық тауар өндіруші – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген кәсіпкерлік субъектісі;

10) өнім беруші – тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі ( консорциум);

11) сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін табиғи монополия субъектісі (тапсырыс беруші) тартатын, өткізілетін мемлекеттік

сатып алу саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар жеке тұлға;

12) сатып алу – табиғи монополия субъектісінің тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып, тарифті бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

13) сатып алу туралы шарт – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт;

14) слот – авиакомпанияның әуе кемесінің келу немесе жөнелту операцияларын белгілі бір күні немесе кезеңде үшін әуежайда бөлінген уақыт;

15) табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғасы – осы әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

16) техникалық сарапшы (сараптама ұйымы) – техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

17) техникалық сараптама – қолданысқа енгізілген активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамаларын), өндіріс технологиясының, материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларға сәйкестігін қоса алғанда, технологиялық процестің тиімділігін талдау, инвестициялық бағдарламаларды, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша негізгі құралдарды іске қосудың деңгейін және олардың бөлінуін талдау;

18) электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – портал) – табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын электрондық сатып алуға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын портал;

19) aeronautical information circular – аэронавигациялық ақпарат бюллетені – аэронавигациялық ақпарат циркуляры (бұдан әрі – AIC);

20) aeronautical information publication – аэронавигациялық ақпарат жинағы – Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағы (бұдан әрі – AIP);

21) notice to airmen (бұдан әрі – NOTAM) – кез келген аэронавигациялық жабдықты пайдалануға енгізу немесе оның (немесе оның жұмыс регламентінің) өзгеруі, ұшуларға қызмет көрсету мен олардың қағидалары туралы ақпаратты қамтитын хабарлама; немесе қауіп туралы ақпарат, ол туралы уақытылы ескерту ұшулардың қауіпсіздігі үшін маңызды орын алады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеліміне енгізу және одан алып тастау тәртібі

### 1-параграф. Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастыру

4. Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі (бұдан әрі – Тіркелім ) электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

5. Тіркелімнің республикалық бөлімін уәкілетті орган қалыптастырады және жүргізеді.

Әуежайлар мен аэронавигация саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері Тіркелімінің республикалық бөліміне енгізіледі.

6. Осы Қағидалардың күші Заңның 3-бабы 4-тармағына сәйкес қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қолданылмайды.

### 2-параграф. Тіркелімге енгізу және шығару

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға реттеліп көрсетілетін қызметті тұтынушыларға ұсыну басталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны Тіркелімге енгізу туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінеді.

8. Тіркелімге енгізу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) табиғи монополия жағдайларында тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін қажетті өтініш берушінің балансындағы не жалға алынған немесе сенімгерлік басқарудағы инженерлік желілер мен құрылыстардың тізбесін, сондай-ақ карта-схемаларды (көрсетілген құжаттарға бірінші басшы не оны алмастыратын тұлға қол қояды);

2) табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға көрсетудің жоспарлы көлемінің есептеулерін;

3) табиғи монополия саласында көрсетілетін және (немесе) реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы мәлімдейтін құжаттарды береді.

Осы тармақта көзделген өтініш пен құжаттарды өтініш беруші электрондық не қағаз түрінде ұсынады. Қағаз түріндегі құжаттар тігіледі және нөмірленеді, соңғы

парағы табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен бекітіледі.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілетін құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті орган Тіркелімге енгізу туралы өтінішті күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде қарайды. Өтінішті қарау мерзімі құжаттар берілген күннен бастап есептеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Осы Қағидалардың 8-тармағының 3) – 5) тармақшаларында көрсетілген қандай да бір құжаттардың нысаны және мазмұны өзгерген жағдайда табиғи монополия субъектісі көрсетілетін өзгерістер немесе толықтырулар жасалғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей бұл құжаттардың көшірмесін ұсынады.

10. Табиғи монополия субъектісі Заңның 11-бабының 7-тармағына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметті жүзеге асыруды тоқтатқан күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тіркелімнен шығару туралы өтінішті және олар жүзеге асыратын қызметті тоқтатқанын растайтын құжаттарды, табиғи монополия саласына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметті уәкілетті органға ұсынады. Бұл ретте, өтінішке бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға қол қояды.

Тіркелімнен алып тастау туралы өтінішті уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруды тоқтатуы туралы растайтын құжаттарды берген жағдайда күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде қарайды. Өтінішті қарау мерзімі өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар келіп түскен күннен бастап есептеледі.

11. Табиғи монополия субъектісін Тіркелімнен алып тастау үшін негіздер:

табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан қайта ұйымдастырылуы;

табиғи монополия субъектісін тарату;

табиғи монополия субъектісінің банкроттығы туралы сот шешімі;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын негізгі құралдарды табиғи монополия субъектісінің балансынан басқа субъектінің балансына беру, оның ішінде осындай негізгі құралдарды сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім;

сот шешіміне сәйкес табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын алып қою туралы шешім;

табиғи монополия субъектісінің балансындағы мүлікті, табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті инженерлік желілер мен құрылыстарды иеліктен шығару туралы шешім;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын негізгі құралдарды жалдау шартын тоқтату;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруды тоқтату туралы куәландыратын құжаттар.

12. Реттеліп көрсетілетін қызметті Заңның 8-бабы 7) тармақшасына сәйкес бекітілген Реттеліп көрсетілетін қызметтер тізбесінен алып тастаған жағдайда, уәкілетті орган оны Тіркелімнен өз бетінше алып тастайды.

13. Табиғи монополия субъектісің Тіркелімге (Тіркелімнен) енгізу (алып тастау) туралы шешім уәкілетті органның басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ресімделеді.

14. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісің Тіркелімге (Тіркелімнен) енгізу ( алып тастау) туралы шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей ол туралы осы табиғи монополия субъектісіне, бірақ өтініш және оған қоса берілетін құжаттар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Табиғи монополия субъектісің Тіркелімге (Тіркелімнен) енгізуден (алып тастаудан) бас тарту үшін негіздер:

1) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігін анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы;

4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, соның негізінде өтініш беруші тиісті қызметті жүзеге асыруға байланысты арнайы құқықтан айырылуы болып табылады.

16. Тіркелімге енгізу және (немесе) одан алып тастау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның немесе оларды лауазымды тұлғаларынаның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жоғары тұрған мемлекеттік органға (лауазымды тұлғала) немесе сотқа беріледі.

## 3-тарау. Жария тыңдаулар өткізу тәртібі

### 1-параграф. Жалпы ережелер

17. Жария тыңдаулар өткізудің мақсаты жариялылықты, ақпараттандыруды, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің мүдделерінің теңгерімін

сақтауды, тарифтерді қалыптастыру рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

18. Тарифті бекіту кезінде жария тыңдаулар өткізуді уәкілетті орган Заңның 15-бабының 13-тармағында белгіленген жағдайларда және мерзімде жүзеге асырады.

Табиғи монополия субъектісінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жария тыңдау нысанында есеп беруі Заңның 25-бабының 6-тармағында белгіленген мерзімде және осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен өткізіледі.

**2-параграф. Жария тыңдаулар өткізу рәсімі**

19. Уәкілетті орган тарифтің жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулардың өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады және мерзімді баспасөз басылымында жария тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды жариялайды.

Тариф индекстеу әдісімен белгіленген кезде және жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тариф айқындалған кезде табиғи монополия субъектісі өзінің интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы ақпаратты оларды өткізуден күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын орналастырады.

Жария тыңдаулар тариф бекітілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі.

Жария тыңдаулар тариф бекітілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде:

тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіткен кезде;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталмауы;

табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу жағдайында өзгертіледі.

20. Алдағы болатын жария тыңдаулар туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

1) тыңдаулардың өткізілетін күні, орны және уақытын;

2) өтінім берілген табиғи монополия субъектің және реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы;

3) уәкілетті органның және табиғи монополия субъектісінен ақпарат алу мүмкін болатын байланыс телефондары.

21. Тарифтің жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық

ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар шақырыла отырып өткізіледі.

22. Табиғи монополия субъектісі жария тыңдаулардың өткізілетін күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін жария тыңдаулар өткізілгенге дейін жария тыңдауларға қатысушылардың талабы бойынша:

тарифтің және тарифтік сметаның жобалары;

экономикалық негізделген есептері бар реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтің өзгеру себептері туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

23. Тыңдаулар уәкілетті органның айқындаған үй-жайда кедергісіз кіруді қамтамасыз ету арқылы өткізіледі.

24. Жария тыңдаулар өткізу үшін уәкілетті орган қызметкерлерінің ішінен басшының бұйрығымен жария тыңдаулардың төрағасын (бұдан әрі – Төраға) және жария тыңдаулардың хаттамасын жүргізетін хатшы тағайындалады.

25. Тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдауларды өткізу процесінде хаттама және талқылау стенограммасы жүргізіледі.

26. Төраға әрбір жария тыңдауға регламент белгілейді.

27. Төраға белгіленген уақытта тыңдауларды ашады, олардың мақсаты және күн тәртібін жариялайды. Төраға қатысушыларды тыңдауларды өткізу регламентімен таныстырады.

28. Өз сөзінде табиғи монополия субъектісі ұсынылып отрыған тариф жобасының деңгейіне растаушы фото, бейне материалдарды қоса бере отырып егжей-тегжейлі түсініктеме және негіздеме береді (ол болған кезде).

29. Төраға жария тыңдауларда сөз сөйлейтіндерге сұрақтар қояды, қаралатын отырған мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіреді, тыңдауларға қатысушының тыңдау регламентін бұзатын, сондай-ақ жария тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ сөзін бөледі.

30. Жария тыңдауларға қатысушылар қаралып отырған мәселелер бойынша өз көзқарасын білдіреді, сөз сөйлеушілерге сұрақтар қояды, өз сөздерінде көмекші материалдарды (плакаттар, кестелер және тағы басқалар) пайдаланады.

31. Төраға тыңдаулардың қорытындысын шығарады және жария тыңдауларды жабады.

32. Уәкілетті органның өзінің интернет-ресурсында – тарифтің жобасын талқылау бойынша өткізілген жария тыңдаулардың нәтижелерін, оның ішінде талқылаулардың стенограммаларын, қаралатын мәселелер бойынша қабылданған шешімдерімен бірге отырыстардың хаттамаларын олар өткізілген күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде орналастырады.

**4-тарау. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің жекелеген әрекеттерді жасауына келісім беру, сондай-ақ**

**табиғи монополия субъектісінен реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау тәртібі**

33. Уәкілетті орган мынадай әрекеттерді жүзеге асыруға келісім береді:

1) егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын, реттелетін көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға;

2) қайта ұйымдастыруға немесе таратуға.

34. Уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында табиғи монополия субъектісінің жекелеген әрекеттерді жасауына берілген келісімдер тізілімін орналастырады.

35. Егер ағымдағы күнтізбелік жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы күнтізбелік жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асса, табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға уәкілетті органның келісімін алу үшін:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша өтініш;

2) иеліктен шығарылатын объектілер бойынша бөлінісінде иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, үлгісін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын көрсете отырып, табиғи монополия субъектісінің басшысы қол қойған ағымдағы күнтізбелік жылдың басындағы бухгалтерлік баланстан үзінді көшірме-растау ұсынады.

36. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісімін алу үшін:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша өтініш;

2) қосу, біріктіру, қайта құру кезінде тапсыру актісінің көшірмесін;

3) бөлу, бөліп шығару кезінде бөлу балансының көшірмесін;

4) тарату кезінде тарату балансының көшірмесін ұсынады.

37. Осы Қағидалардың 33-тармағында көзделген жекелеген әрекеттерді жасау үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1 және 2-нысандар бойынша осындай әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінішхатты және Заңның 13-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсынады.

38. Табиғи монополия субъектісі өтінішхатқа қоса берілетін құжаттарды тізімдеме бойынша электрондық не қағаз түрінде ұсынады. Қағаз түріндегі құжаттар тігіледі және нөмірленеді, соңғы парағы табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен бекітіледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Ұсынылған қаржылық құжаттарға заңдарда көзделген жағдайларда бірінші басшы және бас бухгалтер немесе растаушы құжаттар болған кезде оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды.

40. Уәкілетті органның келісімін алу, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, реттелетін көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасалғанға дейін жүзеге асырылады.

41. Табиғи монополия субъектісі өтінішхат берген кезде уәкілетті органға табиғи монополия субъектісі пікірі бойынша өтінішхатты қарау үшін маңызды болып табылатын ақпаратты ұсынылатын құжаттарға қосымша дербес жібере алады.

42. Егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асса, уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға арналған өтінішхатты қарайды және табиғи монополия субъектісіне қабылданған шешім туралы оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда хабарлайды.

Уәкілетті орган қайта ұйымдастыруға немесе таратуға арналған өтінішхатты оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды.

43. Уәкілетті орган өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартады, егер:

1) бұл тарифті жоғарылатуға алып келсе;

2) бұл тұтынушылармен жасалатын шарттардың бұзылуына алып келсе;

3) бұл тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге алып келсе;

4) бұл реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың тығыз байланысты технологиялық жүйесінің бұзылуына немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуіне алып келсе;

5) осы Қағидалардың 35 және 36-тармақтарында көзделген құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылса не ұсынылған құжаттарда анық емес ақпарат (мәліметтер) қамтылса.

44. Табиғи монополия субъектісі қанағаттандырудан бас тарту өтінішхатты жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдана алады.

45. Коммерциялық құпияны құрайтын құжаттарды табиғи монополия субъектісі "коммерциялық құпия" деген міндетті түрде белгісімен ұсынады.

46. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіру және ұсыну кезінде технологиялық айналымда пайданалатын мүлікті мемлекеттік меншікке беру жағдайларын қоспағанда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның тиісті келісімін алғаннан кейін сауда-саттық арқылы жүзеге асырады.

47. Табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асырған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде бұл жөнінде уәкілетті органды хабардар етеді.

**5-тарау. Табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуды өткізу тәртібі 1-параграф. Жалпы ережелер**

48. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және шығындары тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолдана отырып, ескерілген жолымен табиғи монополиялар субъектілерінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуын өткізу тәртібін белгілейді.

Осы тарауда өзінің интернет-ресурсы деп табиғи монополия субъектісіне немесе оның үлестес тұлғасына меншік құқығында немесе өзге заңды негізде тиесілі интернет-ресурс түсініледі.

49. Осы тарауда көзделген талаптар, Заңның 23-бабының 1-тармағында көрсетілген сатып алуларды қоспағанда табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуын, тарифтік реттеудің шығындық әдісі қолданылатын тарифі бекітілген табиғи монополия субъектісінің сатып алуына қолданылады.

50. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу Заңның 23-бабының 2-тармағына сәйкес мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) конкурспен;

2) баға ұсыныстарын сұрату;

3) бір көзден алу;

4) тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

Тауар биржалары арқылы тәсілімен сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10993 болып тіркелген) бекітілген Биржалық сауданың үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 638 қаулысымен бекітілген Биржалық тауарлар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Табиғи монополия субъектісі сатып алуды мынадай қағидаттарды сақтай отырып өткізеді:

1) сатып алуды өткізудің ашықтығы мен жариялылығы;

2) барлық әлеуетті өнім берушілерді сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік.

4) қазақстандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келеді:

1) кәсіби біліктілікке ие;

2) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржылық, материалдық және еңбек ресурстары бар;

3) сатып алуды жүргізу сәтінде төлемге қабілеті, сондай-ақ оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмаған және таратылуға жатпауы тиіс.

53. Сатып алу процесі:

1) табиғи монополия субъектісі сатып алатын шығындары тарифтік реттеудің шығын әдісін қолдана отырып, тарифті бекіту кезінде ескерілетін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) күнтізбелік жылға қалыптастыруды;

2) өнім берушіні таңдауды, онымен шарт жасасуды;

3) шартты орындауды қамтиды.

Өнім берушімен шарт келесі күнтізбелік жылдың басынан бастап қолданыста болған жағдайда, сатып алу процесін күнтізбелік жыл басталғанға дейін жүргізуге жол беріледі.

54. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын, 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілген келесі күнтізбелік жылға арналған осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізбені қалыптастырады және уәкілетті органға мәлімет үшін жібереді.

Уәкілетті органға ұсынылатын тізбе тігіледі және нөмірленеді, соңғы парақ табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен бекітіледі.

Табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша бекітілген Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар осы тармақтың екінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Тізбе және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шешім қабылданған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда – уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынумен орналастырылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды табиғи монополия субъектісі күнтізбелік жылға немесе ұзақ мерзімді кезеңге жүзеге асырады. Табиғи монополия субъектісі жөндеу жұмыстары мен инвестициялық бағдарламалардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етуді ескере отырып, ұзақ мерзімді кезеңге сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді дербес айқындайды.

56. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушы табиғи монополия субъектісі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу кезінде байқаушы ретінде қатысуға рұқсат етіледі.

57. Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін тұтынушы уәкілетті органға табиғи монополия субъектісінің, конкурстық (тендерлік) комиссияның, конкурстық (тендерлік) комиссия хатшысының, сарапшылардың заңсыз әрекеттеріне шағым жасауға мүмкіндігі бар.

58. Табиғи монополия субъектісіне өзінің үлестес тұлғалары үшін бірыңғай ұйымдастырушы ретінде сатып алуды өткізуіне рұқсат етіледі.

### 2-параграф. Тендер арқылы конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3-параграф. Портал арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алу

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Конкурс өткізу арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу портал арқылы сегіз кезеңде өткізіледі:

1) конкурстық комиссияны қалыптастыру;

2) конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту;

3) порталда конкурсты өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы орналастыру;

4) конкурстық өтінімдерді жинау;

5) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету;

6) конкурстық өтінімдерді ашу, конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді конкурс шарттарына сәйкестігін қарауы және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау;

7) қорытынды хаттамасын жасай отырып, конкурс жеңімпазын айқындау;

8) конкурс жеңімпазымен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасу.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105-1. конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу екі кезеңдік рәсімдерді пайдалану арқылы портал арқылы жүргізіледі.

Портал арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың екі кезеңдік рәсімдері мынадай рәсімдерді қамтиды:

1) қазақстандық тауар өндірушілер арасындағы конкурс;

2) конкурс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы берген Индустриялық сертификат қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміндегі әлеуетті өндірушінің тауарды өндіргенін растайтын құжат болып табылады.

Қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асырылған сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге де әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. Қағидалар 105-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105-2. Конкурстық комиссия конкурсты (лотты) өткізілмеген деп таниды, егер:

1) осы Қағидалардың 126-тармағында көзделген негіздердің кез келгені бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалауға және салыстыруға қабылданбағаннан кейін екіден аз конкурстық өтінім қалғанда;

2) конкурсқа қатысуға екі әлеуетті өнім берушіден аз өтінім ұсынылғанда;

3) екінші орын алған жеңімпаз және әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 171-тармағында белгіленген мерзімдерде сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғанда.

Ескерту. Қағидалар 105-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105-3. Егер конкурс қазақстандық тауар өндірушілердің арасында сәтсіз аяқталса, табиғи монополиялар субъектісі конкурс өткізеді.

Ескерту. Қағидалар 105-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Табиғи монополия субъектісі

1) өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ал өзінің интернет – ресурсы болмаған жағдайда порталға сілтемені көрсете отырып, сатып алу жүзеге асырылатын портал туралы ақпаратты уәкілетті органға өзінің интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынады;

2) сатып алу бойынша ақпаратқа бірыңғай қол жеткізу нүктесін қалыптастыру мақсатында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелерінде жүзеге асырылатын сатып алу туралы ақпаратты, мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық жүйесіне беруді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін табиғи монополия субъектісі конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық құжаттаманы, конкурстық комиссияның хатшысын бекітеді және қажет болған кезде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, конкурстық құжаттамаға сәйкес қажетті техникалық және сапалық сипаттамаларға сәйкестігін айқындау үшін сарапшыларды айқындайды.

Осы тармақта көрсетілген барлық шешімдер табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылданады.

Конкурстық комиссия табиғи монополия субъектісі Конкурстық комиссия құру туралы бұйрықты бекіткен сәттен бастап әрекет етеді және конкурс қорытындылары шығарылған күні өз қызметін тоқтатады.

Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ және 3 (үш) адамнан кем болмайды.

Конкурстық комиссияның құрамына табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің ішінен конкурстық комиссияның төрағасы, төраға орынбасары мен мүшелері кіреді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын оны алмастыратын тұлға орындайды.

Конкурстық комиссия мүшелерінің біреуі конкурстық комиссияның отырысында өндірістік немесе басқа себептер бойынша болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетіледі.

Табиғи монополия субъектісі бастамасы бойынша бүкіл қаржы жылына тұрақты құрамнан тұратын конкурстық комиссия құра алады.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Конкурстық комиссияның хатшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы жариялайды;

2) конкурс өткізу туралы хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында жариялайды және конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жолдайды;

3) порталда ақпаратты орналастыру арқылы конкурс процесінің әрбір кезеңі туралы , оның ішінде конкурс қорытындылары туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар етеді;

4) Осы Қағидаларда көзделген функцияларды жүзеге асырады.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде қатыспайды.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108-1. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссияның жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер конкурстық комиссиясының отырысына қатысатын мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Конкурстық комиссия мүшесінің ерекше пікір білдіруге мүмкіндігі бар, ол жазбаша түрде баяндалады және ашу немесе конкурс қорытындыларын шығару хаттамасына қоса беріледі.

Ескерту. Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108-2. Сарапшылар әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі бойынша не әлеуетті өнім берушінің неғұрлым жақсы функционалдық, техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалары бар тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) ұсынғаны туралы қорытынды береді. Сараптамалық қорытынды "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан

әрі – Электрондық құжат туралы Заң) сәйкес құжаттың электрондық көшірмесі нысанында ресімделеді және порталдағы Конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

Ескерту. Қағида 108-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Конкурстық құжаттама мынадай мәліметтерді:

1) әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 52-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы;

2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарларға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шығыстарға сапа кепілдігін беру сипатталған техникалық ерекшелікті қамтиды.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10632 болып тіркелген) Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларына сәйкес бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтиды. Бұл ретте осындай сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзіміне сәйкес келеді;

3) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің саны (көлемі);

4) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу орны мен шарты;

5) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізудің талап етілетін мерзімі;

6) төлем шарты;

7) жұмыс тәжірибесінің болуы (әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып танылатын жағдайларды қоспағанда);

8) конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру әдісінің сипаттамасы;

9) конкурстық баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасынан

басқа, оларды тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеуге арналған шығыстарды, сондай-ақ қосылған құн салығының (бұдан әрі – ҚҚС) сомасын шегере отырып, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды көрсету;

10) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес конкурстық өтінімді, сатып алу туралы шартты жасасу және ұсыну тіліне қойылатын талаптар;

11) әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінің қолданыс мерзімін көрсету туралы ақпарат;

12) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарты, мөлшері, нысаны, мерзімі;

13) әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімді өзгерту немесе кері қайтарып алу және оны қайта тапсыру құқығын және әлеуетті өнім берушінің табиғи монополия субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының және техникалық сарапшылардың заңсыз әрекеттеріне шағым жасау құқығын көрсету;

14) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі;

15) әлеуетті өнім берушілер олардың көмегімен конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер сұрайтын тәсілдер;

16) конкурс өткізу кезінде табиғи монополия субъектісінің мүддесін білдіруге уәкілетті лауазымды тұлғалар туралы мәліметтер;

17) шарт жобасы.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109-1. Техникалық ерекшелікте ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада бекітілген жобалау-сметалық құжаттама болады.

Техникалық тапсырмада техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде оларды әзірлеу туралы материалдар мен жабдықтарды есептеу және жобалау кезінде қолдану туралы талап көрсетіледі.

Техникалық ерекшелікте тауарларды жеткізу кезінде қажетті ілеспе қызметтер ( монтаждау, баптау, оқыту, тауарларды тексеру және сынау) көрсетіледі.

Ескерту. Қағида 109-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109-2. Біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурсты өткізу кезінде табиғи монополия субъектісі конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөледі.

Бұл ретте табиғи монополия субъектісі конкурстық құжаттамада олардың біртекті түрлері және оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға мынадай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бөлмейді:

1) өзара байланысты жұмыстар, көрсетілетін қызметтер кешенін көздейтін жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

2) біртекті түрлері бойынша және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлу талап етілмейтін тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, атап айтқанда кеңсе тауарлары, шаруашылық тауарлары, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар, электр тауарлары, қосалқы бөлшектер, жеңіл өнеркәсіп тауарлары, күзет және өрт дабылы қызметтері, ғимараттарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер (үй-жайларды жинау және аумақтарды абаттандыру, жылыту жүйелерін сығымдау және жуу, электр монтаждау және сантехникалық жұмыстар, ағаш ұстасы қызметтері).

Тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету орны кемінде 5 (бес) болған жағдайда лотта тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің бірнеше орны көрсетіледі.

Бұл ретте конкурс жеңімпазы тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің әрбір лоты бойынша айқындалады.

Ескерту. Қағида 109-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109-3. Әлеуетті өнім берушінің табиғи монополия субъектісінен конкурстық құжаттаманы түсіндіруді, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей сұратады. Табиғи монополия субъектісі сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осындай сұрау салуға жауап береді және осындай түсіндірмені конкурстық өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге жібереді.

Әлеуетті өнім берушінің сұрау салуы және табиғи монополия субъектісінің жауабы портал арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 109-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109-4. Табиғи монополия субъектісі конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өз бастамасы бойынша немесе әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізеді не конкурстың қорытындылары шығарылғанға дейін тарифтік сметаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны түзетуге және (немесе) Тізбеге өзгеріс енгізуге байланысты табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешім қабылдауы арқылы конкурстың күшін жояды.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер туралы немесе конкурстың күшін жою туралы мәліметтер конкурстық өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге хабарланады.

Бұл ретте табиғи монополия субъектісі конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерде осы өзгерістерді есепке алуы үшін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн мерзімге ұзартады.

Ескерту. Қағида 109-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109-5. Конкурстық өтінім конкурстық құжаттамаға сәйкес онда көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалады.

Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік 35 (отыз бес) күнді құрайды.

Конкурстық құжаттамада көрсетілгеннен неғұрлым қысқа қолданылу мерзімі бар конкурстық өтінім қабылданбайды.

Ескерту. Қағида 109-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын порталда орналастырылады.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) конкурстың нысанасы (егер конкурстың мәніне бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары мен нөмірлері);

2) табиғи монополия субъектінің атауы және орналасқан жері;

3) әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы, өлшем бірлігі, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі, сондай-ақ әрбір лот бойынша техникалық ерекшеліктің электрондық көшірмесі;

4) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету мерзімдері, әрбір лот бойынша тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің, жұмыстарды орындаудың орны;

5) конкурстық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

6) порталда конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу және аяқталу уақыты, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты;

7) ҚҚС-ны есепке алмағанда, әрбір лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бөлінген сома;

8) конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап әрбір лот бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасудың талап етілетін мерзімі;

9) әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағасынан басқа, ҚҚС-ны есепке алмағанда, конкурстық құжаттамада көзделген өзге де шығыстарды енгізу қажеттігі туралы талап;

10) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Конкурстық өтінім конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес тауарды жеткізуді жүзеге асыруға немесе жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге келісім білдіру болып табылады.

113. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға арналған өтінімді портал арқылы электрондық құжат нысанында ұсынады және оған электрондық цифрлық қолтаңба қойылады.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Әріптік, цифрлық және өзге де символдармен сәйкестендірілмеген ақпаратты қамтитын құжат әлеуетті өнім беруші ұсынбаған болып есептеледі және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданбауға жатады.

115. Құжаттардың электрондық көшірмелері әлеуетті өнім берушіде осындай құжаттардың түпнұсқалары немесе осындай құжаттардың нотариус куәландырылған көшірмелерінің қағаз тасығыштарда бар болуы шартымен ұсынылады.

116. Порталда конкурс хабарландыруында көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсынудың аяқталу мерзімі өткеннен кейін ұсынылатын әлеуетті өнім берушілердің

конкурстық өтінімдері, сондай-ақ жалған ақпарат бергені үшін бас тартылған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері қорытындылар хаттамасына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде орналастырылмайды.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген заңды тұлға болып табылатын әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

2) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері немесе электрондық құжат түрінде:

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжат түріндегі лицензиялар, рұқсаттар ( хабарламалар). Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші тиісті рұқсаттың (хабарламаның), лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады;

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар, және (немесе) құжаттар көшірмесін;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың электрондық көшірмесі не электрондық құжат түрінде, заңды тұлғаларды уақытша біріктіру үшін ( консорциум) – консорциум туралы келісімнің көшірмесі және консорциумға қатысушыларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

конкурстық өтінімдердің ашқан күнге дейін үш ай өткеннен кейін берілген салық төлеушіде Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтердің электрондық құжаттың көшірмесі немесе көшірмесін;

Ұлттық Банк Басқармасының қаулысына сәйкес (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады) банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан астамға созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар анықтамасының электрондық көшірмесі немесе электронды құжат түріндегі нұсқасы. Анықтама конкурстық өтінімдердің ашу күнінің алдындағы 1 (бір) айдан ерте берілген;

егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті емес екендігі және салықтық есепте тұрмайтындығы туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органының тиісті құжатының электрондық көшірмесі немесе электронды құжат түріндегі нұсқасы ұсынылады;

3) ілеспе көрсетілетін қызметтердің құнын қоса алғанда, жеткізілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің соңғы бағасын құрайтын әлеуетті өнім берушінің барлық нақты шығынын қамтитын осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген әлеуетті өнім беруші ұсынатын бағаны;

4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын сипаттай отырып, техникалық ерекшелік.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хат береді;

5) конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаттың түпнұсқасын;

6) соңғы 3 (үш) жылда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұқсас сатып алу бойынша бұрын орындалған шарттар туралы ақпарат, егер мұндай талаптар техникалық ерекшелікпен белгіленсе;

7) егер мұндай талаптар техникалық ерекшелікте белгіленген болса, әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің біліктілік сәйкестігі туралы ақпаратты;

8) өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау ( қызметтерді көрсету) үшін әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі туралы ақпарат.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117-1. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке кәсіпкер болып табылатын әлеуетті өнім беруші беретін ұсынатын конкурстық өтінім:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің және кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінен үзінді көшірме;

2) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды:

сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, басқа құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

"Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) сәйкес банкке немесе банк филиалына анықтама беру күнінің алдында 3 (үш) айдан астамға созылатын әлеуетті өнім беруші міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасын (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан осындай анықтамаларды) қамтиды. Анықтама конкурстық өтінімдердің ашу күнінің алдындағы 1 (бір) айдан ерте берілген;

конкурстық өтінімдердің ашу күніне дейін 3 (үш) айдан бұрын берілген Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

3) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған және жеткізілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түпкілікті бағасын құрайтын әлеуетті өнім берушінің барлық нақты шығындарын қамтитын әлеуетті өнім беруші ұсынатын бағаны;

4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзіміне және (немесе) көлемдерін сипаттай отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісетіні туралы хат ұсынады;

5) конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаты;

6) әлеуетті өнім беруші жүргізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлескен

орындаушыларға) беруі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері қамтиды;

7) соңғы 3 (үш) жылдағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұқсас сатып алу бойынша бұрын орындалған шарттар туралы ақпаратты;

8) егер мұндай талаптар техникалық ерекшелікте белгіленген болса, әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің біліктілік сәйкестігі туралы ақпаратты қамтиды.

Ескерту. Қағида 117-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117-2. Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) көлемінің үштен екісінен астамын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) бермейді.

Ескерту. Қағида 117-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117-3. Әлеуетті өнім берушіге конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін, бұл ретте өзінің конкурстық өтінімінің кепілдік қамтамасыз етілуін қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу мүмкіндігі беріледі.

Әлеуетті өнім беруші портал арқылы, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірмей конкурстық өтінімді кері қайтарып алу немесе өзгерту туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. Қағида 117-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді ұсынған кезде бір мезгілде конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттарда оның конкурстық өтінімінде ұсынылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде кепілдік қамтамасыз етуді енгізеді.

119. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мынадай түрлердің бірінде ұсынылады:

1) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген табиғи монополия субъектісінің банктік шотына енгізу жолымен ақша кепілдігі;

2) конкурстық құжаттамаға қоса берілетін нысан бойынша банк кепілдігі.

120. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі-конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімінен кем емес.

121. Табиғи монополия субъектісі конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлар орын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін кері қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасын орналастырған болса;

2) конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған болса. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартқа қол қойған және ол сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ аванс сомасын (болған жағдайда) енгізген болса.

122. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде конкурстық өтінімді және оны қамтамасыз етуді ұсынған әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) конкурс жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ аванс сомасын (болған кезде) енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайларда.

123. Егер әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысының бағасы конкурстың (лоттың) нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе, ұсынылған конкурстық баға ұсыныстары қабылданбайды.

124. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін ашу конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде порталда жүзеге асырылады.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарайды және конкурсты өткізу туралы хабарландыруда белгіленген конкурстық өтінімдерді ұсыну аяқталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей әрбір лот бойынша жеке әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешімді қабылдайды.

125-1. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде:

1) әлеуетті өнім берушілерден конкурстық өтінімдерді түсіндіруі туралы;

2) жеке немесе заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың конкурсқа қатысуға өтінімдеріндегі мәліметтерді нақтылау туралы сұрау салуларды портал арқылы сұратады.

Ескерту. Қағида 125-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Конкурстық комиссия мынадай негіздер бойынша конкурстық өтінімді қабылдамайды және әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жібермейді:

1) әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген болса;

2) конкурстық өтінім файлды ашу қатесімен ұсынылған ақпаратты қамтитын болса;

3) конкурстық өтінім осы Қағидалардың 114, 115-тармақтарының нормаларын бұза отырып ұсынылған немесе ресімделген құжаттарды қамтитын болса;

4) осы конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмесе;

5) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады;

6) әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, беруге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжат түрінде ұсынбаған болса;

7) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада болуы белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде талаптарға сәйкес келмесе;

8) банкроттық немесе тарату рәсіміндеріне жатады;

9) қосалқы мердігерлер туралы мәлімет ұсынылған жағдайда әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) жұмыстардың (көрсетілетін қызметтер) көлемінің барлығын қосқанда үштен екі бөлігінен астамын берген болса;

10) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органының тиісті құжатында бір теңге және одан көп мөлшерде салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі туралы мәліметтер бар болса;

11) банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар әлеуетті өнім берушінің осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылаған

міндеттемелерінің ең болмағанда бір түрі бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі болса;

12) техникалық ерекшеліктің орнына берілген конкурстық құжаттама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттаманы қамтитын жағдайды қоспағанда, техникалық ерекшелік ұсынылмаған болса;

13) әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің үздік сипаттамаларын ұсынатын жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелік берген болса;

14) дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса;

15) әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің немесе табиғи монополия субъектісінің аффилиирленген тұлғасы болып табылса;

16) конкурстың әлеуетті өнім берушісінің конкурстық баға ұсынысының бағасы конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асатын болса;

17) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 2 (екі) жыл ішінде табиғи монополия субъектісі алдындағы міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактісін растайтын заңды күшіне енген сот шешімі бар болса;

18) осы Қағидалардың 126-1-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы демпингтік деп танылса;

19) әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

20) әлеуетті өнім берушінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылды;

21) әлеуетті өнім берушінің басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізілді;

23) әлеуетті өнім беруші атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган оларды Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126-1. Баға ұсынысы:

1) тауарлар немесе жұмыстар бойынша ҚҚС есепке алмай, Тізбеде сатып алу үшін көзделген сомадан 30 (отыз) пайыздан астам болса;

2) көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС есепке алмағанда, сатып алу үшін көзделген сомадан 40 (қырық) пайыздан астам болса демпингтік болып танылады.

Ескерту. Қағида 126-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126-2. Конкурстық комиссия қабылдамаған конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді бағалауға және салыстыруға қабылданбайды.

Ескерту. Қағида 126-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы порталда қалыптастырылады, табиғи монополия субъектінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады және ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті табиғи монополия субъектісі тұлғасымен порталда орналастырылады.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына қол қойылғаннан және порталда орналастырылғаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін ашу конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде портал автоматты түрде жүзеге асырады .

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Порталда қабылданбаған конкурстық баға ұсыныстары бағаланады және салыстырылады және конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасы негізінде конкурс жеңімпазы (лоттар бойынша) анықталады.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде, конкурстың әлеуетті өнім берушілерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болған жағдайда, конкурстық құжаттаманы басқа әлеуетті өнім берушілерден бұрын ұсынған әлеуетті өнім берушіге артықшылық беріледі.

131. Конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаса;

2) конкурсқа қатысуға кемінде 2 (екі) конкурсқа қатысу туралы өтінім берілген болса;

3) егер конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;

4) егер конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, конкурсты (лот) өтпеді деп таниды.

132. Егер конкурс өтпеді деп танылса, табиғи монополия субъектісі мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) конкурсты қайта өткізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурсты қайта өткізу туралы;

3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.

Осы тармақта көрсетілген іс-қимылдар табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрықтарымен ресімделеді.

Конкурсты қайта өткізу кезінде хабарландыру конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмей порталда жарияланады.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132-1. Өткізілмеген сатып алу бойынша табиғи монополия субъектісі сатып алуды мынадай жағдайларда бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні табиғи монополия субъектісі айқындайды;

2) конкурсқа қатысуға 2 (екіден) аз өтінім ұсынылған жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның өтінімінде көзделген шарттарда конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның конкурстық баға ұсынысынан аспайды;

3) егер конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеген болса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру ең төмен бағамен конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі;

4) егер конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілген болса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның өтінімінде көзделген шарттарда конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның конкурстық баға ұсынысынан аспайды.

Ескерту. Қағида 132-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132-2. Конкурстық комиссия конкурстық комиссия қабылдамаған конкурстық өтінімдерді бағалайды және салыстырады және ең төмен баға негізінде жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

Ескерту. Қағида 132-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады, табиғи монополия субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы электрондық хаттаманы қалыптастырады және порталға орналастырады.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Конкурс арқылы сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, онда мынадай ақпарат болады:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атаулары мен қысқаша сипаттамасы;

2) конкурстық өтінімдер берген әлеуетті өнім берушілердің атауы және орналасқан жері;

3) конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері;

4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және негізгі шарттары;

5) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыруды баяндау;

6) конкурстық өтінімдер қабылданбаған жағдайда, оларды кері қайтару үшін негіздер;

7) әрбір лот бойынша конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар;

8) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші туралы;

9) егер конкурс нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, конкурстық комиссияның осындай шешім қабылдауы үшін негіздер;

10) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардың, оларға жауаптардың жинақталған мазмұны, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулардың жинақталған мазмұны;

11) сатып алу шартына қол қойылатын мерзім (бірақ конкурс жеңімпазы хабарламаны алған сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайды);

12) сарапшыларды тарту туралы ақпарат;

13) Тізбеде көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Табиғи монополия субъектісі конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазына портал арқылы хабарлама жібереді және конкурс жеңімпазы ұсынған тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы мен бірлік бағасын көрсете отырып, барлық қатысқан әлеуетті өнім берушілерге хабарлайды.

Ескерту. 135-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135-1. Әлеуетті өнім берушіге табиғи монополия субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының және сарапшылардың заңсыз іс-әрекеттеріне уәкілетті органға шағым жасауға мүмкіндік беріледі.

Ескерту. Қағида 135-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135-2. Өткізілетін/өткізілген конкурста конкурс қорытындысына әсер ететін бұзушылықтар анықталған жағдайда, табиғи монополия субъектісі шарт жасасу сәтіне дейін:

1) қорытынды шығарылғанға дейін сатып алудың (лоттың)күшін жояды;

2) қорытынды шығарылғаннан кейін олардың күшін жояды немесе қайта қарайды.

Табиғи монополия субъектісі сатып алудың (лоттың) күшін жою туралы шешім немесе олардың қорытындылары бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы өткізілетін сатып алуға қатысқан тұлғаларға хабарлайды және өзінің интернет-ресурсында немесе уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды.

Ескерту. Қағида 135-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

140. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

142. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

143. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 4-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, әлеуетті өнім берушілерде бар тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге портал арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда баға шешуші шарт болып табылады.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде тауарлардың біртекті түрлерін сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлшектеуге жол берілмейді.

146-1. Табиғи монополия субъектісі баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын порталда және өзінің интернет-ресурсында, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда – уәкілетті органның интернет-ресурсында мынадай мазмұндағы ақпараты бар баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруды орналастырады:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жоспарлы өткізу туралы – атауы , қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ талап етілетін көлемі, төлеу шарттары, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдері, орны мен шарттары, жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі ;

2) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын табыс етуді бастау және аяқтау мерзімі туралы;

3) сатып алу туралы шарттың жобасы;

4) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын қосылған құн салығын есепке алмай, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін әрбір лот бойынша бөлінген сомалар туралы мәлімет.

Ескерту. Қағида 146-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

147. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

148. Баға ұсынысы баға ұсыныстары тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін портал арқылы беріледі. Әрбір әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің басшысының қолымен бекітілген немесе әлеуетті өнім берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған бір ғана баға ұсынысын береді, онда мынадай мәліметтер мен құжаттар болады:

1) әлеуетті өнім берушінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды мекенжайы;

2) жеткізілетін тауарлардың атауы, сипаттамасы мен саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі;

3) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен мерзімдері;

4) қосылған құн салығын есепке алмағанда, тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстар енгізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы және жалпы бағасы;

5) лицензияның электрондық көшірмесі (егер сатып алу шарттарында міндетті лицензиялауға жататын қызмет болжанған болса);

6) әлеуетті өнім берушінің басшысы қол қойған техникалық ерекшеліктің электрондық көшірмесі (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда техникалық ерекшелік және әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелікті ұсынуы туралы талап болған жағдайда).

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның табиғи монополия субъектісінің сауалында көзделген шарттарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

149. Әрбір әлеуетті өнім беруші бір ғана баға ұсынысын ұсынады.

Әлеуетті өнім берушілердің берілген баға ұсыныстары оларды ұсыну мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алынады. Бұл ретте енгізілген өзгерістерімен бірге қайталама баға ұсыныстары оларды ұсыну мерзімі өткенге дейін ұсынылады.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

150. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу мына жағдайларда өткізілмеген болып танылады:

1) 2 (екіден) кем баға ұсынысы берілген болса;

2) егер сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскені үшін және әлеуетті өнім берушінің біреуден артық баға ұсыныстарын бергені үшін баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін екеуден кем баға ұсынысы қалған болса.

151. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

152. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155. Портал баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіні айқындайды.

Бірнеше әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысын берген жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155-1. Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ашу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда белгіленген мерзімде порталда автоматты түрде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 155-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Сатып алу шартын табиғи монополия субъектісі ең төмен және бас тартылмаған баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушімен жасасады.

157. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы, егер:

1) ол сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

2) әлеуетті өнім беруші біреуден артық баға ұсынысын берген, бұл ретте баға ұсыныстарын беру мерзімі өткенге дейін бұрын жіберілген баға ұсыныстарын кері шақыртып алмаған болса, қайтарылуға жатады.

158. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса, табиғи монополия субъектісі мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) сатып алу шарттарын өзгерту және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.

Осы тармақта көзделген шешімді табиғи монополия субъектісі сатып алу қорытындылары бекітілген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Қағиданың осы тармағында көзделген сатып алуды табиғи монополия субъектісі шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды.

159. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды табиғи монополия субъектісі мына жағдайларда жүзеге асырады:

1) ұсынылған баға ұсыныстарының болмауы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні табиғи монополия субъектісі айқындайды;

2) 2 (екеуден) кем баға ұсынысы берілген жағдайларда жүргізіледі. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның өтінімінде көзделген талаптарда баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның баға ұсынысынан аспауға тиіс;

3) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру баға ұсыысын берген әлеуетті өнім берушіге ең төмен бағамен жіберіледі;

4) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілсе. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның баға ұсынысында көзделген талаптарда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның баға ұсынысынан аспауға тиіс.

160. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде порталда автоматты түрде шығарады. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларының хаттамасында мынадай мәліметтер енгізіледі:

1) табиғи монополия субъектінің толық атауы және пошталық мекенжайы;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы;

3) баға ұсыныстарын табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін баға ұсыныстарын ұсынған әлеуетті өнім берушілердің толық атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), олар мәлімдеген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар;

4) бас тарту себептерін негіздей отырып, бас тартылған баға ұсыныстары туралы;

5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы;

6) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші туралы;

7) сатып алу туралы шартты жасасудың сомасы мен мерзімдері туралы.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары күнінен бастап портал хабарламаны сатып алу жеңімпазына 1 (бір) жұмыс күні ішінде автоматты түрде жібереді.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**5-параграф. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу**

Ескерту. 5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. Бір көзден сатып алу Заңның 23-бабының 5-тармағына сәйкес:

1) конкурс немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған;

2) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер бойынша сатып алынған;

3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан немесе мемлекеттік немесе табиғи монополия субъектісі болып табылатын тұлғадан тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған;

4) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау, оның ішінде төтенше жағдайлардың зардабын оқшаулау және (немесе) жою салдарынан, аварияларды жою үшін сатып алынған;

5) өкілдік ету шығыстарына байланысты тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған;

6) қағаз жеткізгіштегі және (немесе) электрондық нысандағы мерзімді баспасөз басылымдары сатып алынған;

7) мынадай:

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушылары өткізетін;

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өткізілетін;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде сауда-саттықтарда (аукциондарда) өткізілетін мүлік (активтер) сатып алынған;

8) егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған;

9) бару және кері қайту жолын, тұрғын үй-жай жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді , тамақпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, жұмыскерді қызметтік іссапарға жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтер сатып алынған;

10) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушінің бірдейлендіру, стандарттау немесе сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттігі туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162-1. Осы Қағидалардың 162-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 10)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен сатып алу портал арқылы әлеуетті өнім берушіге шарттың жобасын жіберу және оған қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 162-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162-2. Осы Қағидалардың 163, 164, 165, 166, 167, 168 және 169-тармақтары, егер конкурс немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізу тәртібін қамтиды.

Ескерту. Қағида 162-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

163. Конкурс тәсілімен сатып алу және баға ұсыныстарын сұрату өткізілмеді деп танылған жағдайда, табиғи монополия субъектісі портал арқылы осы Қағидалардың 132-1-тармағында көрсетілген әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға мынадай мәліметтерді қамтитын шақыру жібереді:

1) табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері;

2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарларға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шығыстарға сапа кепілдігін беру сипатталған техникалық ерекшелікті.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада бекітілген

жобалық-сметалық құжаттама болады. Бұл ретте осындай сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері бекітілген жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзіміне сәйкес келеді;

3) өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;

5) тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру;

6) төлем талаптары және сатып алу туралы шарттың жобасы;

7) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу талаптары, нысаны, көлемі және тәсілі;

8) бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомалар туралы мәлімет;

9) бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану нәтижесінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші өзінің осы Қағидалардың 52-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы;

10) бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану нәтижесінде жүзеге асырылатын жағдайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 164-тармағында көзделген ақпаратты қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің қойылған біліктілік талаптарына оның сәйкестігін растайтын құжаттарды беру мерзімі.

Бұл ретте жіберілетін шақыру өтпеді деп танылған өткізілген сатып алу (конкурс, баға ұсыныстарын сұрату) шарттарына сәйкес келеді.

Ескерту. 163-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. Портал арқылы бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде табиғи монополия субъектісіне мынадай ақпаратты ұсынады:

1) әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) ретінде тартуды көздейтін тұлғаларды көрсете отырып, техникалық ерекшеліктердің шарттарымен келісу туралы хат.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хат жібереді;

2) бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану нәтижесінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің және ол жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) ретінде тартуды көздейтін тұлғалардың табиғи монополия субъектісінің шақыруында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар;

3) ұсынылатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға негіздемесі.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурс тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, табиғи монополия субъектісі бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу үшін шақырған, өтпеді деп танылған конкурсқа қатысушыға осы конкурсқа қатысушының конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды сол табиғи монополия субъектісіне қайта ұсынуға міндетті емес.

166. Табиғи монополия субъектісі бір көзден алу тәсілімен сатып алу Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану нәтижесінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттарды олардың шақыруда көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

167. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде портал автоматты түрде хаттама жасайды, онда мынадай ақпарат қамтылады:

1) бір көзден сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаты;

3) сатып алу шарты жасалатын әлеуетті өнім берушінің атауы мен мекенжайы және осындай шарттың бағасы.

Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

169. Бір негізден алу тәсілімен сатып алу өтпеді деп мынадай жағдайларда танылады:

1) әлеуетті өнім беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу қорытындылары бойынша жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің шақыруында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;

2) егер әлеуетті өнім беруші бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысудан бас тартса;

3) егер әлеуетті өнім беруші ұсынылатын тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) сатып алу үшін бөлінген сомадан асатын бағаны ұсынса немесе тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасының нашарлауына немесе олардың санының және/немесе көлемінің төмендеуіне әкелетін техникалық сипаттаманы ұсынса .

Бір көзден алу тәсілімен сатып алу Қағидалардың осы тармағының негізінде өтпеді деп танылған жағдайда, сатып алу Заңда көзделген тәсілдермен жүзеге асырылады.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**6-параграф. Сатып алу шарты**

170. Табиғи монополия субъектісі портал арқылы жеңімпазға сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шарттың жобасын жібереді. Сатып алу шарты оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 170-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шарттың жобасына қол қоймаса және ұсынбаса, онда табиғи монополия субъектісі шарттың жобасына қол қою және оны ұсыну мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде портал арқылы шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

172. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қояды және оны портал арқылы табиғи монополия субъектісіне ұсынады.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

173. Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарт жобасы өзіне ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қоймаса және оны табиғи монополия субъектісіне ұсынбаса, сатып алу өтпеді деп танылады.

174. Егер өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта белгіленген тәртіппен енгізбесе, табиғи монополия субъектісі Шарттың қамтамасыз етілуін енгізу мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде портал арқылы екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге шарттың жобасын жібереді.

Ескерту. 174-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

175. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

176. Егер өзіне шарт жобасы ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші оған қол қоймаса және оны табиғи монополия субъектісіне ұсынбаса және (немесе) шартта белгіленген тәртіппен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, сатып алу өтпеді деп танылады.

177. Сатып алу шартына табиғи монополия субъектісі электрондық құжат туралы Заңға сәйкес электрондық нысанда қол қояды.

Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ алынған аванстың сомасына қамтамасыз ету сомасын енгізеді.

179. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету шарт сомасының 3 % мөлшерінде белгіленеді және келесі түрлердің бірінде ұсынылады:

1) өнім берушінің табиғи монополия субъектінің шартта көрсетілген банктік шотына енгізуі арқылы ақшаны кепілге қою;

2) конкурстық (тендерлік) құжаттамаға қоса берілетін нысан бойынша банк кепілдігі.

180. Егер шартта аванс төлеу көзделген болса, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге төмендегі түрлердің бірінде авансқа тең мөлшерде қосымша аванспен қамтамасыз етуді енгізеді:

1) өнім берушінің табиғи монополия субъектінің шартта көрсетілген банктік шотына енгізуі арқылы ақшаны кепілге қою;

2) конкурстық (тендерлік) құжаттамаға қоса берілетін нысан бойынша банк кепілдігі.

181. Өнім берушіге аванстың толық сомасынан немесе аванс бөлігінен бас тарту мүмкіндігі беріледі. Аванстан ішінара бас тартқан жағдайда, өнім беруші аванспен қамтамасыз етуді алынатын аванстың бір бөлігіне тең мөлшерде енгізеді.

182. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай табиғи монополия субъектісі портал арқылы жіберілген өнім берушінің хабарламасы бойынша авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін сатып алу туралы шартта көзделген орындалған міндеттемелерге бара-бар азайтады.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

183. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай немесе бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

184. Табиғи монополия субъектісі енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім берушіге авансты қамтамасыз ету сомасын (болған жағдайда) қайтарады.

185. Өнім беруші шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, табиғи монополия субъектісі енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ авансты қамтамасыз ету сомасын (бар болса) табиғи монополия субъектісінің кірісіне тұрақсыздық айыбын төлеу фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу тараптарды осы шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

186. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ авансты қамтамасыз ету сомасын (бар болса) табиғи монополия субъектісі өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда қайтармайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ авансты қамтамасыз ету сомасы (болған жағдайда) табиғи монополия субъектісінің кірісіне есептеледі.

187. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) көздейді.

188. Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда сатып алу шартының талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, оны кез келген кезеңде бұзу туралы талапты қамтиды:

1) табиғи монополия субъектісі осы Қағидада көзделмеген өнім берушіге жәрдем көрсеткен болса;

2) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) авансты қамтамасыз ету сомасын енгізбегенде (бар болса);

3) егер өнім беруші сатып алу шартында көзделген мерзімде қызметтер көрсете алмаса және (немесе) егер өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай

алмаса, табиғи монополия субъектісі өнім берушіге міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, сатып алу шартын бұза алады.

Егер өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) авансты қамтамасыз ету сомасын (бар болса) шартта белгіленген тәртіппен енгізбесе, табиғи монополия субъектісі 3 (үш) жұмыс күні ішінде шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

189. Шарт Қазақстан Республикасының салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу талаптарын қамтиды.

190. Шарт бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды жеткізуге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге жұмсалатын мерзімнен кем емес, бірақ күнтізбелік 10 (он) күннен аз емес мерзімді құрайды.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Табиғи монополия субъектісі және өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалған болып есептеледі.

192. Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда табиғи монополия субъектісі тұрақсыздық айыбын ( айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

193. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермейтін талабы жағдайында сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын және тиісінше сатып алу туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен осындай өзгерістің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, сатып алу туралы шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлеміндегі қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты сатып алу туралы шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жасалған сатып алу шартында көрсетілген тауар, жұмыс, көрсетілетін қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында сатып алынатын тауарлардың,

жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлеміндегі қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

4) егер өнім беруші онымен жасалған тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартты орындау процесінде онымен жасалған сатып алу туралы шарттың нысанасы болып табылатын тауарды берудің, жұмысты орындаудың, көрсетілетін қызметті көрсетудің неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда, өнім беруші онымен жасалған сатып алу туралы шарттың нысанасы болып табылатын тауарды берудің, жұмысты орындаудың, көрсетілетін қызметті көрсетудің;

5) Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының өзгеруінен туындаған аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) жұмыстарды орындауға арналған сатып алу туралы шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде;

6) жұмыстарды орындаудың немесе қызметтерді көрсетудің сметалық құны азайған және кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, жұмыстарды сатып алу немесе қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімдерін өзгерту бөлігінде;

7) табиғи монополия субъектісінің және (немесе) өнім берушінің лауазымды адамына қатысты сатып алу туралы шартты орындауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда, жұмыстар бойынша сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

8) сот тәртібімен мән-жайлардың туындау фактісі еңсерілмейтін күш деп танылған жағдайда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

9) табиғи монополия субъектісі тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті қабылдауға мүмкіндігі болмаған және өнім берушінің тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті ұсынуға дайын екендігі расталған жағдайда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде.

194. Сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған сатып алу туралы шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгертуі мүмкін өзгерістерді және (немесе) өнім берушіні таңдауға негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

**7-параграф. Сатып алу шартын орындау.**

195. Шартты орындау кезінде тауарлардың атауы, саны, сапасы, техникалық ерекшелігі, құны, орны мен тауарларды жеткізу мерзімі (жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтер көрсету) шарттың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

196. Тауарларды жеткізу кезінде сатып алу туралы шартты орындау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 14 қаңтарда № 8265 болып тіркелген) ресімделген жүкқұжаттың (бұдан әрі жүкқұжат) түпнұсқасын ұсына отырып, тауарды межелі пунктке жеткізу;

2) өнім берушінің тауарды жеткізу фактісін растайтын жүкқұжаттың көшірмесін қоса бере отырып, Тауарды қабылдау-тапсыру актісін ресімдеуі;

3) табиғи монополия субъектінің тауарды қабылдауы;

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 412-бабының 2-тармағына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураларды ресімдеу;

5) жеткізілген тауар үшін табиғи монополия субъектінің төлеуі.

Ескерту. 196-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 26.11.2024 № 387 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

197. Жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) кезінде сатып алу туралы шартты орындау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) орындалған жұмыстар актісін ресімдеу (қызмет көрсету);

2) орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) тапсыру және қабылдау.

3) Салық кодексінің 412-бабы 2-тармағына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураларды ресімдеу;

4) орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) үшін табиғи монополия субъектінің төлеуі.

198. Өнім беруші табиғи монополия субъектісі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген тауарларды қабылдау - өткізу актісін (бұдан әрі - тауарларды қабылдау – өткізу актісі), осы Қағидаларға 10 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісін (бұдан әрі - орындалған жұмыстар актісі), тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді толтыра отырып, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісін ( бұдан әрі - көрсетілген қызметтер актісі) жібереді.

199. Табиғи монополия субъектісі тауарды қабылдау-тапсыру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету актісінің жобасын өнім беруші алған күннен бастап 10 (

он) жұмыс күнінен кешіктірмей актіде шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдаудан бас тартады.

### 8-параграф. Сатып алу процесіне байланысты шектеулер

200. Сатып алу шарттары, конкурстық құжаттама, сатып алу хаттамалары, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері және өткізілген сатып алу бойынша өзге де материалдар порталда кемінде 5 (бес) жыл сақталады.

Ескерту. 200-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 18.08.2022 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

201. Табиғи монополия субъектісінің қызметкеріне, егер ол әлеуетті өнім берушінің лауазымды немесе сенімді адамының жақын туысы (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) болып табылса не конкурс нәтижелеріне өзгеше түрде өзі мүдделі болса, сатып алу рәсімдеріне байланысты міндеттерді орындауға тыйым салынады.

## 6-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету тәртібі

### 1-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз етудің жалпы ережелері

202. Осы тарау "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Заңға сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тұтынушылардың қол жеткізуіне тең жағдайларды қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 26.11.2024 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

203. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету мынадай шарттарды негізге ала отырып жүзеге асырылады:

1) осы Қағидаларда айқындалған талаптарты сақтау кезінде барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізу;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтер тізбесінің, реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің ақпараттық ашықтығы.

204. Қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен басымдықтарды ескере отырып, қызметтерді ұсыну жағдайларына қолданылмайды.

205. Тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметке қол жетімділігі:

1) Заңның 25-бабында көзделген ақпаратты табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастырумен, ол болмаған жағдайда – ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынумен;

2) тең жағдайда реттелетін көрсетілетін қызметке қол жеткізумен немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтумен;

3) реттеліп көрсететін қызметті көрсетуге шарт жасасумен қамтамасыз етіледі.

206. Табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында не ол болмаған жағдайда уәкілетті органның интернет-ресурсында тоқсан сайын резерв туралы, табиғи монополия субъектісінің бос және қолжетімді қуаттарының, сыйымдылықтарының, орындарының болуы туралы ақпарат орналастырылады. Бұл талап қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне және жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.

207. Заңның 24-бабының 10-тармағына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметке қол жетімділік ұсынылған кезде табиғи монополия субъектісіне:

1) бос қуаттар туралы ақпарат ұсынғаны үшін төлемақы алуға;

2) реттелетін қызметті көрсетуге қатысы жоқ мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың рұқсаттары мен өзге де құжаттарын ұсынуды талап етуге;

3) реттеліп көрсетілетін қызметтің колемін ұлғайтуға арналған шарттарды сақтаудан басқа, өзге талаптарды тұтынушыға қоюға;

4) реттелетін қызметке қол жеткізудің тең емес шарттарын жасауға тыйым салынады.

208. Тұтынушының осы Қағидаларда айқындалған талаптарды сақтауы табиғи монополия субъектісі мен тұтынушының арасында Заңның 8-бабы 7) тармақшасына сәйкес бекітілген үлгі шарттарға сәйкес ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке шарт жасасу үшін негіз болып табылады.

209. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісі тұтынушы өтініш білдірген кезде реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізу тәртібі туралы ақпаратты ұсынады.

210. Реттеліп көрсетілетін қызметтер табиғи монополия субъектісімен шарт жасасқан барлық тұтынушыларға ұсынылады.

**2-параграф. Әуежайлар қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету**

211. Слоттарды бөлу әуеайлақ ауданында ұшуды қауіпсіз орындауды, ұшу-қону жолағында қозғалысты жоспарлау, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді және

әуежайда жолаушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету шарттарын негізге ала отырып жүргізіледі.

212. Тұтынушылар слоттарды (олардың өзгеруін) табиғи монополия субъектісімен тұтынушыға слоттарды келісуге жазбаша түрде өтінім (бұдан әрі – өтінім) жіберу арқылы келіседі.

213. Өтінімде мынадай мәліметтер:

1) рейсті орындау маусымы;

2) авиакомпания коды;

3) рейс нөмірі;

4) орындалу күндері;

5) әуе кемелерінің үлгілері;

6) креслолар саны;

7) бағыт;

8) рейс түрі;

9) әуе кемесінің біліктілік нөмірін қоса алғанда, әуе кемесінің техникалық сипаттамалары ұсынылады.

214. Табиғи монополия субъектісі слоттарды келісуге арналған өтінімдердің тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 520 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін уақытша интервалдарды бөлу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6668 болып тіркелген) сәйкес жүргізеді.

215. Әуежайлар саласындағы табиғи монополиялар субъектілерімен шарт жасасу үшін, әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мақсатында тұтынушылар:

1) тұтынушының (пайдаланушының) сертификатын;

2) азаматтық кемені мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті;

3) әуе кемелерінің барлық түрлері бойынша ұшуға жарамдылық сертификаттарын ұсынады.

216. Шетелдік әуе тасымалдаушылары өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының қатысушысы болып табылатын ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

**3-параграф. Аэронавигация қызметтеріне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету**

217. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мақсатында аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерімен шарт жасасу үшін тұтынушылар аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілеріне мынадай құжаттардың:

1) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің;

2) әуе кемелерінің барлық түрлері бойынша ұшуға жарамдылық сертификаттарының;

3) жарғының;

4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелерін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жібереді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

5) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің.

Ескерту. 217-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 26.11.2024 № 387 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

218. Осы Қағидалардың талаптарын тұтынушылар мен Өкілдер сақтаған жағдайда, аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілердің тұтынушыларға аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуден бас тартуына жол берілмейді.

219. Шетелдік әуе тасымалдаушылары өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының қатысушы болып табылатын ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

**4-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету және олар бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі өтініштерді қарау**

220. Тұтынушыға реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге тең жағдайлар беру бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда тұтынушы уәкілетті органға өтініш жібереді.

Өтініште өтініш беруші туралы және өзіне қатысты өтініш берілген табиғи монополия субъектісі туралы мәліметтер, осы Қағидалардың талаптарын бұзудың сипаттамасы, сондай-ақ өтініш беруші өтініш білдірген талаптар қамтылуға тиіс.

Өтініштерді қарау тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

221. Табиғи монополия субъектісі не қызметтерді тұтынушылар уәкілетті органның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте толық немесе ішінара шағымдану мүмкіндігі беріледі.

**5-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат беру**

222. Әуежайлар мен аэронавигацияның көрсетілетін қызметтері туралы, олардың құны туралы, қол жеткізу тәртібі және реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері туралы ақпарат мәтіндер, кестелер және графиктер түрінде өтініштерді қабылдау орны бойынша орналастырылады.

Аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілері аэронавигацияның ұсынылып отырған реттеліп көрсетілетін қызметтері туралы, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында жариялайды. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат AIP , AIC және NOTAM жарияланады.

223. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі ұсынған ақпаратты пайдалану кезінде мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық құпияның, табиғи монополия субъектісімен реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың басқа да заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

224. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның талап етуі бойынша оған қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте көрсетілген қызметтердің мәлімделген және нақты көлемі туралы мәліметтер береді.

**7-тарау. Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерін өткізу тәртібі**

225. Табиғи монополия субъектісі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және күнтізбелік жылдан кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей осы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша есептерді жүргізеді. Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне және жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.

226. Тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға есебі тыңдау нысанында өткізіледі.

227. Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 228-тармағында көрсетілген мерзімде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы

бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және негіздемелермен табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді, оның ішінде қаржылық есептілікті орналастырады.

228. Алдағы есепті өткізу туралы хабарландыруды табиғи монополия субъектісі тіркелімнің республикалық бөліміне енгізілген – аптасына кемінде бір рет шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында оны өткізгенге дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері;

2) есепті өткізу күні мен орны;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі.

229. Есепті өткізгенге дейін 1 (бір) ай бұрын табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның хабардар етеді.

230. Алда есеп беруді өткізу туралы хабарландыру жариялағаннан кейін табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 237-тармағында көзделген ақпаратты есеп беру өткізуден 5 (бес) жұмыс күні бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ал ол болмаған жағдайда, уәкілетті органның оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынады.

231. Есеп беруді өткізу үй-жайын табиғи монополия субъектісі анықтайды.

232. Табиғи монополия субъектісі есеп беруге қатысуға ниет білдіргендердің барлығына өткізілетін орынға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Есеп беру өткізу және басқа да арнайы режимі бар ғимараттарда өткізілген жағдайда, табиғи монополия субъектісі хабарландыруда тыңдаушылардың тізімін алдын ала қалыптастырылатыны, оның мерзімі есеп беру өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталатыны туралы көрсетеді. Егер есеп беру демалыс күнінен кейінгі жұмыс күнінде өткізілетін болса, онда есеп беру күннің екінші жартысында өткізіледі, ал тыңдаушылар тізімін қалыптастыру есеп беру өткізілетін күні жұмыс күнінің бірінші жартысында сағат 12.00-ге дейін аяқталуы қажет.

233. Осы тарауда көзделген талаптар қуаты аз табиғи монополиялар субъектілеріне және жаңадан құрылған табиғи монополия субъектілеріне қолданылмайды.

234. Есепті өткізу үшін табиғи монополия субъектісі басшыларының қатарынан есепті жария тыңдаудың Төрағасы (бұдан әрі – Төраға) және жария тыңдаудың хаттамасын жүргізетін жария тыңдаудың хатшысы тағайындалады.

235. Төраға белгіленген уақытта тыңдауды ашады, олардың мақсаты мен күн тәртібін жариялайды.

236. Жария тыңдау құрылымға сәйкес табиғи монополия субъектісінің сөз сөйлеуін қамтиды.

237. Табиғи монополияр субъектісінің сөз сөйлеу құрылымы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;

2) осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген тарифтік сметаның ;

3) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы;

4) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы;

5) табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы;

6) ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдері туралы;

7) реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілген жұмыс туралы;

8) қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсететін қызметке тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы.

Табиғи монополия субъектісі сөйлейтін сөзінде тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасы туралы толық түсіндірме береді.

Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп беретін табиғи монополия субъектісінің атынан бірінші басшы не бірінші басшының міндеттерін атқару жүктелген тұлға шығады.

238. Жария тыңдаудың қатысушылары қаралатын мәселе бойынша өз пікірін ауызша немесе жазбаша айта алады, сөз сөйлеушілерге сұрақтар қоя алады, сөйлейтін сөзінде қосалқы материалдарды (плакаттар, графикалар және басқалар) пайдалана алады.

239. Есепті жария тыңдауға қатысушының жазбаша түрде білдірген пікірі ресми тұлғаға жеке немесе заңды тұлғаның өтінішіне теңестіріледі және есепті жария тыңдау хаттамасына міндетті түрде енгізілуге, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің одан әрі карауына және тиісті шаралар қабылдауға жатады.

240. Төраға қорытындыларын шығарады және тыңдауды жабады.

241. Есепті жария тыңдауды өткізу барысында хаттама жүргізіледі. Хаттамада осы Қағидаларға 237-тармағында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ тыңдаудың басталу және аяқталу уақыты, сөз сөйлегендердің тегі мен аты-жөні және сөз сөйлеудің қысқаша мазмұны қамтылады. Хаттама нөмірленеді және жеке папкаға тігіледі.

242. Жария тыңдау хаттамасының көшірмесі оны өткізгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

243. Хаттама мен материалдар жария істерге қалыптастырылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген

мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес сақталады.

244. Табиғи монополия субъектісі тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оны бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің интернет-ресурсында орналастырады не уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жібереді.

Уәкілетті орган есепті келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

## 8-тарау. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттерінің бар екендігі туралы ақпаратты орналастыру тәртібі

245. Табиғи монополия субъектісі өзінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен өзге де қорғалатын құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтың, орындарды туралы жаңартылған ақпаратты орналастырады не өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда уәкілетті органға өзінің интернет-ресурсында орналастыру үшін тоқсан сайын ұсынады.

246. Табиғи монополия субъектісі тоқсан сайын өзінің интернет-ресурсында орналастырады не ол болмаған жағдайда уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынады:

1) табиғи монополия субъектісінің резерв, бос және қол жетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың болуы туралы ақпарат;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат (объектілердің орналасқан жері, фото -, бейнетүсірілімді қоса бере отырып, орындалу сатысы, инвестициялық бағдарламалар іс-шараларының орындалу мерзімдері мен құны).

## 9-тарау. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі

### 1-параграф. Жалпы ережелер

247. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібін белгілейді.

248. Табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастырудың негізгі қағидаттары:

1) тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу;

2) табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру және табиғи монополия субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру нәтижелеріне қол жеткізудің ашықтығын қамтамасыз ету кезінде объективті тәсілді қамтамасыз ету болып табылады.

**2-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру**

249. Табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

табиғи монополия субъектісінің қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің жобасын қалыптастыру;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісі үшін көрсеткіштерді әзірлеу;

табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту.

250. Табиғи монополия субъектісінің қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісінің деректері пайдаланылады.

251. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифті бекіту кезінде табиғи монополия субъекті қызметтің тиімділігі көрсеткіштерінің жобасын әзірлейді және ұсынады. Табиғи монополия субъектісінің қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің жобасымен бір мезгілде өткен жылдардағы нақты деректер, сондай-ақ табиғи монополия субъекті қызметі тиімділігінің жоспарланатын көрсеткіштері ұсынылады.

Табиғи монополия субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштерін уәкілетті орган оны ұсынған күннен бастап 90 (тоқсан) жұмыс күні ішінде қарайды.

Табиғи монополия субъектісінің қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің жобасы осы Ережеге 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

252. Табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бекітуді уәкілетті орган әрбір реттелетін қызмет үшін жеке жүзеге асырады.

253. Уәкілетті орган басшысының бұйрығымен құрамында кемінде 5 (бес) адам болатын табиғи монополия субъектің қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін айқындау және бекіту жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылады.

Жұмыс тобына: уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктердің, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, табиғи монополия

субъектісінің, тұтынушының өкілдері, сарапшылар және өзге де мүдделі тұлғалар кіреді.

**3-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің тізбесін қалыптастыру**

254. Табиғи монополия субъекті реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъекті қызметінің тиімді жұмыс істеуі үшін маңыздылығын негізге ала отырып қалыптастырады.

255. Нысаналы көрсеткіштер тарифтің қолданылу мерзіміне белгіленеді және жылдар бойынша бөліністе ұсынылады.

Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға табиғи монополия субъектісінің пікірі бойынша көрсеткіштердің орташа жылдық жоспарлы және нақты мәндерін айқындау үшін маңызды болып табылатын ақпаратты жібереді.

256. Табиғи монополия субъектісінен алынған табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің жобасын уәкілетті орган жұмыс тобының талқылауына шығарады.

Жұмыс тобының қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің жобасын талқылау барысында табиғи монополия субъектісі өзгерістер, толықтырулар енгізуге, сондай-ақ нысаналы көрсеткіштерді алып тастау мүмкіндігі бар.

257. Жұмыс тобы қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің нақтыланған жобасын қалыптастырады және уәкілетті орган басшылығына ұсынады.

Бұл ретте, жобаға енгізілетін көрсеткіштер тізбесінің саны 5-тен (бес) аспауы тиіс.

**4-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін әзірлеу**

258. Уәкілетті орган көрсеткіштер тізбесінің түпкілікті жобасы шығарылғаннан кейін көрсеткіштердің нысаналы мәнін есептейді.

259. Әрбір табиғи монополия субъектісі үшін көрсеткіштердің нысаналы мәнін есептеу мақсатында уәкілетті орган көрсеткіштердің орташа арифметикалық орташа жылдық нақты және жоспарлы мәндерін есептейді.

Табиғи монополия субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері салалық ерекшеліктерді ескере отырып әзірленеді.

260. Егер көрсеткіштер мәндерінің төмендеуі немесе артуы қызмет сапасының жақсаруын сипаттаған жағдайда, уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі ұсынған көрсеткіштердің ұсынылған мәнін және табиғи монополия субъектісі көрсететін қызмет тұтынушыларына сауалнама жүргізу нәтижесінде алынған түпкілікті тізбе көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін негізге ала отырып, көрсеткіштер үшін есептік нысаналы мәнді есептейді.

261. Егер табиғи монополия субъектісі көрсеткіштердің нақты және/немесе жоспарлы мәнін ұсынбаса, уәкілетті орган оларды тиісінше осы көрсеткіштердің нақты және жоспарлы мәндерін орташа арифметикалық тең қабылдайды.

Егер табиғи монополия субъектісі жоспарлы мәндердің жақсарғанын мәлімдемесе, онда уәкілетті орган қызмет сапасының нысаналы мәнін өзі белгілейді.

262. Көрсеткіштерді әзірлеуді уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін әрбір табиғи монополия субъектісі үшін жеке жүзеге асырады.

**5-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткішін бекіту**

263. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштер тізбесінің түпкілікті жобасы шығарылғаннан кейін уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің жобасын Жұмыс тобының қарауына шығарады. Қарау қорытындылары бойынша Жұмыс тобы уәкілетті орган басшылығына жіберілетін өз ескертпелері мен ұсынымдарын шығарады.

264. Уәкілетті органның басшысы Жұмыс тобының ескертулері мен ұсынымдарын ескере отырып, табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекітеді.

**6-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалауды қалыптастыру**

265. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалауды табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепті қарау жолымен уәкілетті орган жүзеге асырады.

266. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепті ұсынады. Табиғи монополия субъектісі табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепке растайтын құжаттарды қоса бере отырып, көрсеткіштерге қол жеткізу немесе қол жеткізбеу туралы егжей-тегжейлі ақпараты бар түсіндірме жазбаны қоса береді.

267. Табиғи монополия субъектісі қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепті өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

268. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткішіне қол жеткізу табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділігі белгілі бір және қол жеткізілген көрсеткіштері арасындағы арақатынастың пайыздық мәні ретінде айқындалады.

269. Табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтауына мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті орган мынадай құрылым бойынша талдамалық есептің жобасын жасайды:

кіріспе – табиғи монополия субъектісінің атауы және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштері, есепті кезең және пайдаланылған ақпарат пен құжаттар тізбесі көрсетіледі;

әрбір көрсеткіш үшін сәйкестік коэффициентінің есебі – мәні есепті кезеңде осы көрсеткіштердің мәніне сәйкес келетін не сәйкес келмейтін табиғи монополия субъектісі есепті кезеңде қол жеткізген нақты көрсеткіштер айқындалады;

көрсеткіштердің сәйкестік коэффициенттерін түзету (бар болса) – негіздемелер мен табиғи монополия субъектісі ұсынған сәйкессіздік себептерін қоса бере отырып, уәкілетті орган сәйкестік коэффициентін түзетуді жүзеге асырған көрсеткіштер айқындалады;

Табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтау коэффициентін есептеу – табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтау коэффициентінің мәні айқындалады;

Табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтің тиімділігін бағалау бойынша қорытындылар.

270. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтау мониторингі процесінде пайдаланылған құжаттарды қоса бере отырып, талдамалық есептің жобасын жұмыс тобының қарауына жібереді. Табиғи монополия субъектісінің қызметтің тиімділік көрсеткіштерін сақтауына мониторинг жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрған жағдайда, уәкілетті орган талдамалық есептің жобасын барлық құжаттарды қоса бере отырып, Жұмыс тобының қарауына жібереді.

Талдамалық есептің жобасын қарау қорытындылары бойынша жұмыс тобы бар болған кезде ұсыныстарды (болған жағдайда) және/немесе ұсынымдарды әзірлейді, олар уәкілетті орган басшылығына жіберіледі.

271. Уәкілетті орган басшысының бұйрығымен табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтауы туралы талдамалық есеп бекітіледі.

272. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтауы туралы талдамалық есеп бекітілген кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

## 10-тарау. Табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

273. Әуежайлар мен аэронавигация қызметтері саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

## 11-тарау. Тұтынушыларға және (немесе) уәкілетті органға тариф, оның өзгергені туралы хабарлау тәртібі

274. Субъект тұтынушыларды және (немесе) уәкілетті органның ведомствосын немесе оның аумақтық бөлімшесін тиісті ақпаратты Субъект өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы тариф, оның өзгеруі туралы хабардар етеді.

### 2-параграф. Тұтынушыларға және (немесе) уәкілетті органға белгіленген тариф, тарифтің өзгергені туралы хабарлау мерзімдері

275. Заңның 20-бабының 1-тармағында көрсетілген табиғи монополиялар субъектілері тарифті қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушыларды хабардар етеді:

жеңілдетілген тәртіпте бекітілген тарифтер туралы;

тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептері бар ақпаратты ұсына отырып, оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бекітілген тариф туралы ақпаратты ұсынады.

276. Табиғи монополия субъектісі Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей тұтынушыларды уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі бекіткен тарифтің өзгергені туралы оның қолданылу мерзімі өткенге дейін тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін көрсететін ақпаратты ұсына отырып, хабардар етеді.

277. Табиғи монополия субъектісі тұтынушының назарына тарифті бекіту туралы ақпаратты ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жеткізеді.

## 12-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі

### 1-параграф. Жалпы ережелер

278. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту

кезінде ескерілетін реттелетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібін белгілейді.

279. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін қалыптастырудың негізгі қағидаттары:

1) тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу;

2) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін қалыптастыру және реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін қалыптастыру нәтижелеріне қол жеткізудің ашықтығын қамтамасыз ету кезінде объективті тәсілді қамтамасыз ету болып табылады .

**2-параграф. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін қалыптастыру**

280. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің жобасын қалыптастыру;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісі үшін көрсеткіштердің нысаналы мәндерін әзірлеу;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін бекіту.

281. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын әзірлейді және ұсынады. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің жобасымен бір мезгілде өткен жылдардағы нақты деректер, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің жоспарланған нысаналы мәндері ұсынылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін бекітуді уәкілетті органмен 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде қаралады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің жобасы осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

282. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштері уәкілетті органмен әрбір реттеліп көрсетілетін қызмет үшін жеке жүзеге асырылады.

283. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) табиғи монополия субъектісінің деректері;

2) тұтынушылармен жүргізілген сауал нәтижелері;

3) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтауы туралы мониторинг деректері;

4) жеке зерттеулер деректері;

5) құзыретті органдардан алынған мәліметтер;

6) мемлекеттік статистикалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан алынған мәліметтер.

284. Уәкілетті орган басшысының бұйрығымен құрамында 5 (бес) адамнан тұратын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін айқындау және бекіту жөніндегі жұмыс тобын (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрады.

Жұмыс тобына: уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктердің, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, Субъектінің, тұтынушының өкілдері, сарапшылар және өзге де мүдделі тұлғалар кіреді.

### 3-параграф. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің тізбесін қалыптастыру

285. Табиғи монополия субъектісі көрсеткіштерді тұтынушылар үшін маңыздылығына, тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігіне қанағаттануын өлшеуге және тұтынушыларға қызметтердің қол жетімділігіне қарай қалыптастырады.

286. Нысаналы көрсеткіштер тарифтің қолданылу мерзіміне белгіленеді және жылдар бөлінісінде беріледі.

Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға табиғи монополия субъектісінің пікірі бойынша көрсеткіштердің орташа жылдық жоспарлы және накты мәндерін айқындау үшін маңызды болып табылатын ақпаратты жібереді.

287. Табиғи монополия субъектісінен алынған реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын уәкілетті орган Жұмыс тобының талқылауына береді.

Жұмыс тобының реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын талқылау барысында өзгерістер, толықтырулар енгізуге, сондай-ақ нысаналы көрсеткіштерді алып тастау мүмкіндігі бар.

288. Жұмыс тобы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің нактыланған жобасын қалыптастырады және уәкілетті орган басшылығына ұсынады.

Бұл ретте, жобаға енгізілетін көрсеткіштер тізбесінің саны 5 (бестен) аспауы тиіс.

289. Тізбенің жобасы бойынша уәкілетті орган табиғи монополия субъектілері бөлінісінде қызметті тұтынушылардан сұрау салуды (бұдан әрі – тұтынушылардан сұрау салу) ұйымдастырады.

290. Тұтынушылардан сұрау салу сауалнама жүргізу немесе уәкілетті органның интернет-ресурсында сауалнаманы орналастыру арқылы жүргізіледі.

Сауал жүргізу үшін сауалнама нысаны осы Қағидаларға 18-қосымшада келтірілген. Тұтынушылардың сауал жүргізуге қатысуы ерікті болып табылады. Егер сауал жүргізуге бірде-бір тұтынушы қатыспаған жағдайда, уәкілетті орган қызметтерді тұтынушыларға сауалнаманы адрестік жіберу арқылы қайтадан сауал жүргізуге бастамашылық жасайды.

Уәкілетті орган табиғи монополиялар субъектілерін және қоғамдық бірлестіктерді тұтынушылармен сауал жүргізуге тартады.

291. Тұтынушыларға сауал жүргізу мыналарға:

1) қызметті тұтынушы үшін тиісті табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсететін әрбір көрсеткіштің маңыздылық деңгейін;

2) табиғи монополия субъектісі қызметін тұтынушының реттеліп көрсетілетін қызмет сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін әзірленген жылдың алдындағы жыл ішіндегі әрбір көрсеткіштің орташа жылдық нақты мәніне қанағаттануы деңгейін бағалау мақсатында жүргізіледі.

Қызметті тұтынушы реттеліп көрсетілетін қызмет сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін әзірленген жылдың алдындағы жыл ішінде көрсеткіштің нақты мәніне қанағаттанбаған жағдайда, тиісті табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметті тұтынушы сауалнамада олар ұсынатын осы көрсеткіштің нысаналы мәнін көрсетеді.

292. Уәкілетті орган тұтынушылардан сұрау салу нәтижелері бойынша тұтынушыдан сұрау салу аяқталған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің түпкілікті жобасын қалыптастырады, оған реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі, сондай-ақ қызметті тұтынушылар неғұрлым аз қанағаттанған көрсеткіштер енгізіледі.

293. Уәкілетті орган сауалға қатысатын тұтынушылар болмаған жағдайда, ұсынылған жобаны өзгеріссіз қалдырады. Тізбе жобасына іріктеліп алынған реттеліп көрсетілетін қызмет сапасы мен сенімділік көрсеткіштердің жалпы саны 3-тен (үштен) бастап, бірақ 10-ға (он) дейінгі көрсеткіштен аспауы тиіс.

294. Көрсеткіштердің түпкілікті жобасын уәкілетті орган тұтынушыларға жүргізілген сауал нәтижелерін қоса бере отырып, Жұмыс тобының қарауына енгізеді. Қарау қорытындысы бойынша Жұмыс тобы көрсеткіштер тізбесінің жобасы енгізілген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ұсыныстар және/немесе ұсынымдар әзірлейді, олар уәкілетті орган басшысына жіберіледі.

**4-параграф. Табиғи монополиялар субъектілерінің бөлінісінде көрсеткіштердің нысаналы мәндерін әзірлеу**

295. Уәкілетті орган көрсеткіштер тізбесінің түпкілікті жобасы шығарылғаннан кейін нысаналы мәндерді есептейді.

296. Көрсеткіштердің нысаналы мәнін есептеу мақсатында уәкілетті орган көрсеткіштердің орташа жылдық нақты және жоспарлы мәндерінің орташа арифметикалық мәнін есептейді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері салалық ерекшеліктерді ескере отырып әзірленеді.

297. Егер көрсеткіштер мәнінің төмендеуі немесе артуы қызмет сапасының жақсаруын сипаттаған жағдайда, уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі ұсынған көрсеткіштердің ұсынылған мәнін және табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметті тұтынушыларға сауал жүргізу нәтижесінде алынған түпкілікті тізбе көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін негізге ала отырып, көрсеткіштер үшін есептік нысаналы мәнді есептейді.

298. Егер табиғи монополия субъектісі көрсеткіштің нақты және/немесе жоспарлы мәндері ұсынбаған болса, онда уәкілетті орган оларды орташа арифметикалық мәндерге, тиісінше осы көрсеткіштің нақты және жоспарлы мәндеріне тең деп қабылдайды.

Егер, табиғи монополия субъектісі жоспарлы мәндердің жақсаруы туралы мәлімдемесе, онда уәкілетті орган көрсетілетін қызметтің нысаналы мәндерін өз бетінше белгілейді.

299. Нысаналы мәндерді әзірлеуді уәкілетті органның реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін әрбір табиғи монополия субъектісі үшін жеке жүзеге асырады.

**5-параграф. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткішін бекіту**

300. Көрсеткіштер тізбесінің және көрсеткіштердің нысаналы мәнін есептеудің түпкілікті жобасы шығарылғаннан кейін уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын Жұмыс тобының қарауына шығарады. Қарау қорытындылары бойынша Жұмыс тобы уәкілетті орган басшылығына жіберілетін өз ескертпелері мен ұсынымдарын шығарады.

301. Уәкілетті органның басшысы Жұмыс тобының ескертулері мен ұсынымдарын ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін бекітеді.

**6-параграф. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін бағалауды қалыптастыру**

302. Табиғи монополия субъектісі ұсынатын қызметтердің сапасын бағалауды реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті қарау жолымен уәкілетті орган жүзеге асырады.

303. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті ұсынады. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есепке табиғи монополия субъектісі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, көрсеткіштерге қол жеткізу немесе қол жеткізбеу туралы егжей-тегжейлі ақпараты бар түсіндірме жазбаны қоса береді.

304. Табиғи монополия субъектісі Заңмен көзделген мерзімдерде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

305. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есебінде ұсынылған ақпараттың дұрыстығын тексеру мақсатында уәкілетті орган:

1) табиғи монополия субъектісі қызметтерін тұтынушыларға, оның ішінде тәуелсіз ұйымдарды тарта отырып, сауал жүргізеді;

2) қажетті ақпараттарды;

құзыретті органдардан;

жергілікті атқарушы органдардан;

мемлекеттік статистикалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан;

табиғи монополия субъектілерінен және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері өкілдерінен сұратады.

306. Табиғи монополия субъектісі көрсеткен қызмет сапасын бағалау кезінде, уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі есебі алынған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде:

1) есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген әрбір көрсеткіштің іс жүзіндегі мәнінің осы көрсеткіштің нысаналы мәніне сәйкестігі коэффициентін есептеуді;

2) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызмет сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау коэффициентін есептеуді;

3) табиғи монополия субъектісінің көрсететін реттеліп көрсетілетін қызмет сапасы мен сенімділігін бағалауды жүзеге асырады.

307. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есебінде ұсынылған ақпараттың дұрыстығына тексеру жүргізген жағдайда, осы Қағидалардың 305-тармағына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін табиғи монополия субъектісінің сақтауына мониторинг жүргізу мерзімі ақпарат алынған сәтке дейін тоқтатыла тұрады.

308. Әрбір көрсеткіш үшін табиғи монополия субъектісінің есепті кезеңде қол жеткізген нақты мәніне уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің түсіндірме жазбасында (болған жағдайда) ұсынылған себептерді ескере отырып, Кі сәйкестік коэффициентін түзетуді жүзеге асырады. Кі коэффициентін түзетуді уәкілетті орган мынадай өлшемдерге сәйкес жүзеге асырады:

уәкілетті орган, егер осы көрсеткіш үшін табиғи монополия субъектісіне сәйкес келмейтін себептер ретінде табиғи монополия субъектісіне байланысты емес факторлар келтірілген жағдайда, Кі = 1 сәйкестік коэффициентін қабылдайды;

қалған барлық жағдайларда Кі коэффициенті түзетілмейді.

309. Табиғи монополия субъектісіне тәуелсіз факторлар:

тиісті органның қорытындысымен расталған метеорологиялық жағдайлар;

дыбыс және бейне жазу құралдарымен, аяқталған жұмыстарды қабылдау және беру актілерімен расталған тұтынушылардың, үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері/әрекетсіздігі;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес расталған төтенше жағдайлар.

310. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің белгілі бір және қол жеткізілген көрсеткіштері арасындағы арақатынастың пайыздық көрсеткіші ретінде айқындалады.

311. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызмет сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтауына мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті орган мынадай құрылым бойынша талдамалық есеп жобасын жасайды:

кіріспе – табиғи монополия субъектісінің атауы және қызмет сапасы мен сенімділігі көрсеткіштеріне, есептік кезең және пайдаланылатын ақпарат пен құжаттар тізімі көрсетіледі;

әрбір көрсеткіш үшін сәйкестік коэффициентін есептеу – табиғи монополия субъектісінің есепті кезеңде қол жеткізген нақты көрсеткіштері айқындалады, олардың мәндері осы көрсеткіштердің есепті кезеңдегі жол берілген нысаналы мәндеріне сәйкес келеді не сәйкес келмейді;

көрсеткіштердің сәйкестігі коэффициенттерін түзету (бар болған жағдайда) – уәкілетті орган мен табиғи монополия субъекті ұсынған негіздемелер сәйкес келмеуі себептерін қоса бере отырып, сәйкестік коэффициентін түзету жүзеге асырылған көрсеткіштер айқындалады;

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін сақтау коэффицентін есептеу – табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау коэффицентінің мәнімен айқындалады;

Табиғи монополия субъектісі көрсететін қызмет сапасын бағалау жөніндегі қорытынды.

312. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау мониторингі процесінде пайдаланылған құжаттарды қоса бере отырып, талдамалық есептің жобасын Жұмыс тобының қарауына жібереді.

Талдамалық есептің жобасын қарау қорытындысы бойынша Жұмыс тобы талдамалық есептің жобасына ескертулер және (немесе) ұсынымдар әзірлейді, олар уәкілетті орган басшылығына жіберіледі.

313. Уәкілетті орган басшысының бұйрығымен табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтауы туралы талдамалық есеп бекітіледі.

314. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтауы туралы талдамалық есепті бекіткен сәттен бастап10 (он) күнтізбелік күн ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

## 13-тарау. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу тәртібі

### 1-параграф. Жалпы ережелер

315. Осы тарау уәкілетті тұлғалардың бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, , реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақтауына және табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуіне қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу:

бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу қоғамдық мониторинг жүргізуіне (бұдан әрі-қоғамдық мониторинг);

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуіне техникалық сараптама (бұдан әрі-техникалық сараптама) жүргізу тәртібін айқындайды.

316. Уәкілетті адамдардың қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізудің негізгі қағидаттары:

1) уәкілетті адамдардың тәуелсіздігі;

2) зерттеулердің толықтығы, жан-жақтылығы, объективтілігі, нәтижелердің негізділігі;

3) құзыреттілік және кәсіпқойлық болып табылады.

**2-параграф. Қоғамдық мониторинг жүргізу тәртібі**

317. Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу үшін уәкілетті орган құрамына қоғамдық ұйымдардың және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері кіретін жұмыс тобын құрады.

318. Жұмыс тобы қоғамдық мониторинг жүргізудің жылдық кестесін жасайды, онда оны өткізу уақыты мен орны, сондай-ақ қоғамдық мониторингке жататын табиғи монополиялар субъектілерінің тізімі айқындалады.

319. Қоғамдық мониторинг жүргізу кестесін уәкілетті орган интернет-ресурске орналастырады және тізімге сәйкес табиғи монополиялар субъектілеріне жібереді.

320. Қоғамдық мониторинг жүргізгенге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жұмыс тобы мәслихаттардың және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, тұтынушылар (кемінде бес адам) қатарынан уәкілетті адамдардың тізімін қалыптастырады және оны қоғамдық мониторинг жүргізу кестесін қоса бере отырып, табиғи монополия субъектісіне жібереді.

321. Уәкілетті органың өкілдері уәкілетті адамдарды алып жүреді және осы Қағидалардың 325-тармағына сәйкес қоғамдық мониторинг актісін ресімдеуді қамтамасыз етеді.

322. Қоғамдық мониторинг жүргізу үшін табиғи монополия субъектісі өткізу режимінің талаптарын сақтай отырып, бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат береді.

323. Уәкілетті адамды бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалу барысын , реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің қол жеткізілуін қадағалауды жүзеге асырады.

324. Уәкілетті адамдар:

1) бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілерін көзбен шолып карауды және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпаратты талдауды;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпаратты, оның ішінде растайтын құжаттарды талдауды жүргізеді.

325. Қоғамдық мониторинг бойынша актінің мазмұны:

1) кіріспе бөлік (іс-шаралар тізбесі, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі, бөлінген бюджеттік және өзге де қаржы қаражаты туралы ақпарат);

2) бекітілген инвестициялық бағдарламаға енгізілген өзгерістерді және қоғамдық мониторингтің накты белгіленген нәтижелерін ескере отырып, ұсынылған ақпаратты салыстырмалы талдау;

3) синтездеуші бөлік (инвестициялық бағдарламаны іске асыру барысына әсер еткен факторларды белгілеу, бюджеттік және өзге де қаржы қаражатын игермеу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтамау, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу);

4) қарар бөлігі (нақты жай-күйі мен ұсынымдары).

326. Қоғамдық мониторинг актісі табиғи монополия субъектіге міндетті түрде таныстыру аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға жіберіледі.

327. Уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижелері туралы фото және бейнематериалдармен (бар болған жағдайда) баспасөз релизін орналастырады.

**3-параграф. Техникалық сараптама жүргізу тәртібі**

328. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге техникалық сараптаманы табиғи монополия субъекті мен шарт негізінде уәкілетті адам (техникалық сарапшы, сараптама ұйымдары) жүзеге асырады.

329. Уәкілетті адамдардың (техникалық сарапшылардың, сараптама ұйымдарының) тізімін уәкілетті орган қалыптастырады.

330. Техникалық сараптама жүргізу үшін табиғи монополия субъектінің өткізу режимінің талаптарын сақтай отырып, бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпаратт береді.

331. Уәкілетті адамдар (техникалық сарапшылар, сараптама ұйымдары) бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалуын, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуын, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді белгілейді.

332. Уәкілетті адамдарға (техникалық сарапшыларға, сарапшы ұйымдарға):

1) негізсіз сараптамалық қорытынды беруге жол берілмейді;

2) мүдделер қақтығысы және объективті техникалық сараптама жүргізуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда техникалық сараптама жүргізуге қатысуға жол берілмейді.

333. Уәкілетті адамдар (техникалық сарапшылар, сараптама ұйымдары):

1) ұсынылған құжаттардың сақталуын және алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

2) инвестициялық бағдарлама объектілерін тікелей тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ ол бойынша құжаттаманы өз құқығын қайта сенім білдірмей зерделейді.

334. Уәкілетті тұлғаларға (техникалық сарапшылар, сараптама ұйымдары) техникалық сараптама жүргізуге жол берілмейді, егер:

1) инвестициялық бағдарлама объектісіне қатысты заттық немесе міндеттемелік құқықтарды иеленеді не иемденеді;

2) инвестициялық бағдарлама объектісіне мүліктік мүддесі бар;

3) табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғасы болып табылады;

4) табиғи монополия субъектісінің акционері, құрылтайшысы, қызметкері, меншік иесі, қатысушысы, кредиторы, дебиторы, жақын туысы немесе жекжаты болып табылады;

5) бұл жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының туындауына әкеліп соғады немесе мұндай қақтығыстың туындау қаупін туғызады.

335. Техникалық сараптама негізгі құралдардың техникалық жай-күйін талдауды және техникалық сипаттамаларын бағалауды, оның ішінде сараптама жүргізу күніне жабдықтың тозу дәрежесін, осы саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған сыныптау топтары бойынша оны пайдалану мерзімдерін, жабдықтың жобалық және технологиялық қуатын бағалауды қамтиды.

Техникалық сараптама барысында:

негізгі құралдардың іске қосылу деңгейі бағаланады, сондай-ақ тиісті көрсеткіштердің деңгейі (жабдықтың белгіленген жиынтық қуаты, қуат коэффициенті, табиғи тозу коэффициенті, жүктеме кестесін толтыру коэффициенті және (немесе) саланың ерекшелігін ескере отырып, басқа да көрсеткіштер), пайда мөлшерлемесін есепте қабылданған табиғи монополия субъектісі активтерінің іске қосылу коэффициенттерінің негізділігі бағаланады;

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-техникалық құжаттамасында белгіленген жағдайларда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік талаптардың сақталуына талдау жүргізіледі;

қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлудің сәйкестігіне баға беріледі;

еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық

және өзге де нормаларды, ережелерді, рәсімдер мен критерийлерді қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштерге баға беріледі.

336. Техникалық сараптама қорытындысының мазмұны:

1) кіріспе бөлік (іс-шаралар тізбесі, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі, бөлінген бюджеттік және өзге де қаржы қаражаты туралы ақпарат, табиғи монополия субъектісінің негізгі және қосалқы жабдықтарын, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеудің барлық түрлеріне арналған перспективалық және жылдық (айлық) кестелердің болуы);

2) бекітілген инвестициялық бағдарламаға енгізілген өзгерістерді және техникалық сараптаманың нақты белгіленген нәтижелерін ескере отырып, ұсынылған ақпаратты салыстырмалы талдау;

3) синтездеуші бөлік (реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарға олардың нақты жай-күйі мен құзыретті орган бекіткен нұсқаулықтар мен нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын ескере отырып техникалық қызмет көрсету және жөндеу көлемінің негізділігі, табиғи монополия субъектісі белгілеген жөндеудің барлық түрлерінің кезеңділігінің нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі, еңбек шығыны мен персоналдың санын бағалау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік талаптардың сақталуын);

4) қарар бөлігі (ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер жүргізу қажеттілігі туралы (негізгі құралдардың құнын ұлғайтатын және ұлғайтпайтын), реттелетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарды ауыстыру, реконструкцияны және жаңғырту, негізгі құралдарды ұтымды пайдалануды, негізгі құралдарды пайдаланумен байланысты пайдалану және басқа да шығындар, шикізат пен материалдар шығындары туралы қорытындылар мен ұсынымдар).

337. Техникалық сараптаманың қорытындысы табиғи монополия субъектіге аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

338. Табиғи монополия субъектісі техникалық сараптаманың қорытындысын Заңның 26-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес уәкілетті органға ұсынылатын есептерге қоса береді.

## 14-тарау. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібі

Ескерту. Қағидалар 14-тараумен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 12.11.2025 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. Жалпы ережелер**

339. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленген және табиғи монополиялар субъектілерінің халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тартуға арналған кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібін айқындайды.

340. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдері уәкілетті органмен келісуге жатады.

341. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті орган келісуінің негізгі қағидаттары мыналар:

1) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифіне енгізілетін шығындардың ашықтығы;

2) табиғи монополиялар субъектілері мен халықаралық қаржы ұйымдары, мамандандырылған салалық банктер, Қазақстанның Даму Банкі және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері арасында туындайтын қатынастардың шартпен ресімделуі болып табылады.

**2-параграф. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібі.**

342. Табиғи монополия субъектісі кредиттік келісім жасалғанға дейін уәкілетті органға жазбаша өтініш, оған мыналар:

жобаның мақсаттары мен міндеттерін;

тартылған қарыздың сипаттамасын және оны іске асыру схемасын;

жобаны іске асырудың кезеңдері мен мерзімдерін;

тартылған қарыздың қажеттілігі есеп-қисаптарын;

жобаның өтелу мерзімдері есеп-қисаптары;

жобаны іске асыру нәтижелерінің тиімділігін бағалауға арналған индикаторларды;

жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі кіретін келісім жобасын жібереді.

343. Айналым қаражатын толықтыруға қарыз тарту мақсатында жасалатын кредиттік келісімдер келісуге жатпайды.

344. Өтінішке табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасының жобасымен қоса, инвестициялық бағдарламаны іске асыру кезеңінде тарифтеріне кредиттік келісім жасасу әсерінің болжамы қоса беріледі.

345. Уәкілетті орган ұсынылған материалдарды 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды және табиғи монополия субъектісіне қараудың нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Бас тартумен келіспеген жағдайда уәкілетті органның шешімін жоғары тұрған мемлекеттік органға (лауазымды тұлға) немесе сотқа шағымдайды.

Жоғары тұрған мемлекеттік орган (лауазымды тұлға) шағымды қарайды және 10 жұмыс күн ішінде шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісін келісу туралы не келісуден бас тарту туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Материалдар сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган осы тармақтың 1-бөлігінде белгіленген мерзім ішінде қарызды тартудан бас тарту себептерін көрсете отырып, дәлелді бас тарту жібереді.

1-қосымша
табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына

Нысан

**Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі ____________________________________________________________ (табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі бөлімінің атауы, өңірдің атауы)**

| Р/с № | Табиғи монополиялар субъектісінің атауы | Табиғи монополия саласы | Реттеліп көрсетілетін қызметтер түрі | Табиғи монополия субъектісінің тіркелген орны (заңды мекенжайы) | Табиғи монополия субъектісінің қызмет көрсету орны | Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу туралы бұйрықтың нөмірі мен күні | Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімнен шығару туралы бұйрықтың нөмірі мен күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

2-қосымша
табиғи монополиялар

субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына
Нысан

________________________________
(уәкілетті органның атауы)
________________________________
(жеке кәсіпкердің толық аты,
әкесінің аты (болған жағдайда),
тегі немесе заңды тұлғаның
атауы)
________________________________
(заңды мекенжайы, байланыс
телефоны)
Табиғи монополиялар
субъектілерін мемлекеттік
тіркелімге енгізу туралы

**ӨТІНІШ**

табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу туралы

Оған қосуыңызды сұраймын ________________________________________________

________

(мемлекеттік тіркелімнің бөлімінің атауы)

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің

__________________________________________________________________________

________

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкердің толық аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

тегі)

__________________________________________________________________________

________

(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің ( тауарлардың,

жұмыстардың) түрі)

__________________________________________________________________________

________

(заңды мекен-жайы)

__________________________________________________________________________

_______,

(табиғи монополиялар саласындағы қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсету аумағы)

__________________________________________________________________________

________

реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге іске қосылған _активтер

(теңгерімде немесе жалға алуда немесе сенімгерлік басқаруда бар))
"____" ___________ 20 ___ жыл
(күні)

3-қосымша
табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына
Нысан

______________________
(уәкілетті немесе аумақтық
органның атауы)

______________________
(жеке кәсіпкердің толық аты,
әкесінің аты (болған жағдайда),
тегі немесе заңды тұлғаның
атауы)

______________________
(заңды мекенжайы, байланыс
телефоны)

**ӨТІНІШ**

Табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркелімнен шығару туралы
Менің алып тастау ____________________________________________________________
_________
(мемлекеттік тіркелімнің республикалық немесе жергілікті бөлімінің атауы)
Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің
______________________________________________________________________________
________
(табиғи монополия субъектісінің атауы (аты, тегі (болған жағдайда), тегі)
______________________________________________________________________________
________
(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің
______________________________________________________________________________
________
(заңды мекен-жайы)
______________________________________________________________________________
________
(табиғи монополиялар саласында қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсету аумағы)
Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін
"____" _________ 20 ___ жыл
(күні)

4-қосымша
табиғи монополиялар

субъектілерінің қызметін жүзеге
сыру қағидаларына
1-нысан

______________________________
(мемлекеттік органның толық
атауы)

______________________________
(жеке кәсіпкердің толық аты,
әкесінің аты (болған жағдайда),
тегі немесе заңды тұлғаның
атауы)
мекенжайы, ауданы, облысы,
көшесі, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің деректемелері

______________________________
(индексі, қаласы)

______________________________
(бизнес-сәйкестендіру нөмірі,
Жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Уәкілетті органның келісімін алу туралы қолдаухат ________________________________ ________________________________ (мәміле мәні)**

1. Негіздеме:

| Себептері | Мақсаттар | Міндеттер | Экономикалық орындылықты есептеу |
|---|---|---|---|
| | | | |

